**Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 мамырда № 20771 болып тіркелді.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабы 1)-тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Бекітілсін:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары бекітілсін;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары бекітілсін.;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары бекітілсін.;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары бекітілсін.;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері Жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары бекітілсін.;";

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету Қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.03.2022 № 258 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен::

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет Вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Әділет министрінің міндетін атқарушы* *Н. Пан*

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен
"КЕЛІСІЛДІ"

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді есептік тіркеу
жөнінде мемлекеттік қызметтер
көрсету қағидаларын
бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 66 бұйрығымен
бекітілген

## "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 821 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметтер Заңы) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет) және аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, оның ішінде саяси партияларды, Республикалық нотариаттық палатаны, Республикалық адвокаттар алқасын, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасын, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасын, Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасын, Қазақстанның Төрелік палатасын, Республикалық Заң консультанттары алқасын мемлекеттік тіркеуді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді Комитет жүргізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Құрылған, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді, жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, заңды тұлғалардың қорлары мен бірлестіктерін есептік тіркеуді, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

5. Коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өзінің құрылымдық бөлімшелерін ( филиалдары мен өкілдіктерін) ашатын Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген заңды тұлғалар үшін көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес ұлттық тізілімнен үзінді көшірмені ұсынады.

7. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде, сондай-ақ "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның (бұдан әрі - Заң) 6-1-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайда "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы міндетті түрде банктік шот ашуға және жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметін жеке

тұлғалармен еңбек қатынастарына түспей жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) өтініш электрондық нысанда "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сәйкес беріледі.

Екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес банктік шот ашудан бас тартуға құқылы.

8. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электрондық өтініш ( бұдан әрі-өтініш) беру арқылы жүзеге асырылады, оны құрылтайшы (құрылтайшылар) порталда толтырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 ( 07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Электрондық тіркеу жағдайында заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу портал арқылы "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорына (бұдан әрі–ЗТ МДҚ) түсетін өтініш негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 ( 07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Электрондық нысанда мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік қызметтер Заңына сәйкес көрсетілген қызметті алушының жеке басын биометрикалық сәйкестендіру де жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. Ереже 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 (07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қоспағанда, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу Заңның 6-бабына сәйкес Министрлік айқындайтын тәртіппен "электрондық үкімет" веб-порталы, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілері арқылы берілген электрондық өтініш негізінде жүргізіледі.

Мүлік иелері бірлестігін мемлекеттік тіркеу тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері арқылы жіберілген электрондық дауыс беру хаттамасының негізінде жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Саяси партиялардың филиалдарын (өкілдіктерін) және діни бірлестіктерді қоспағанда, заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілген электрондық өтініштің, сондай-ақ Заңның 6-2-бабына сәйкес Министрлік айқындайтын тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілерінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қоспағанда, қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілген электрондық өтініштің, сондай-ақ Заңның 6-3-бабына сәйкес Министрлік айқындайтын тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілерінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Порталға жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "Жеке кабинетіне" электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 3, 4, 5, 6 және 7 – қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі-өтініш) және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі - тізбесі) көзделген тізбесі бойынша құжаттар топтамасын Мемлекеттік корпорацияға немесе "Электрондық үкіметт" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі келтірілген.

16. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты (сәйкестендіру үшін) мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін оны көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

17. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат бере отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

18. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

19. Осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету құжаттар келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері тізілімге сәйкес құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасына (бөліміне) жолдайды.

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны айқындайды және оған орындауға береді.

Орындаушы: ұсынылған құжаттардың дұрыс толтырылуын (ресімдеуін) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексереді және бас тарту ( үзіліс туралы) үшін негіздер болмаған жағдайда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы бұйрықты ресімдейді, Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне (бұдан әрі – Ұлттық тізілім) мәліметтерді енгізеді, бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтаманы ресімдейді, іс ресімделгеннен кейін (БСН берілгенін растайтын тиісті мөртабандар қойылғаннан кейін) құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасынан тұратын істі ресімдейді.

Орындаушы қарағаннан кейін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама немесе бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді бұйрық басшылыққа қол қоюға жіберіледі. Басшылық қол қойған құжаттарды орындаушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне береді. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорация" КЕАҚ филиалына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) береді не портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес құжаттар Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттар Заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы мемлекеттік корпорацияның тиісті бөлімшесіне жіберіледі.

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны анықтайды және оған орындауға береді.

Орындаушы: ұсынылған құжаттардың дұрыс толтырылуын (ресімдеуін) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексереді және бас тарту ( үзіліс туралы) үшін негіздер болмаған жағдайда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы бұйрықты ресімдейді, Ұлттық тізілімге мәліметтерді енгізеді; бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтаманы

ресімдейді, іс ресімделгеннен кейін (БСН берілгенін растайтын тиісті мөртабандар қойылғаннан кейін) құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасынан тұратын істі ресімдейді.

Орындаушы қарағаннан кейін бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу туралы анықтама немесе бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді бұйрық басшылыққа қол қоюға жіберіледі. Басшылық қол қойған құжаттарды орындаушы Мемлекеттік корпорацияның беру бөліміне береді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке куәлігін (не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация 1 (бір) ай ішінде құжаттардың сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

22. Порталда құжаттар ұсынылған жағдайда – "жеке кабинетке" шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі.

23. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша мемлекеттік (есептік) тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін үзіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін үзілуіне негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші себептерін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін бір айдан аспайтын мерзімге үзеді және құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Мемлекеттік тіркеуге үзіліс жасау туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған сәттен бастап құжатты берген сәтке дейін, бірақ қызмет көрсету мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдайды.

Үзіліс туралы бұйрықта көрсетілген ескертулер жойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті берушіге қайта жолдайды.

Егер бір ай ішінде тіркеуге үзіліс жасауға негіз болған мән-жайлар мемлекеттік қызметті алушы жоймаса, онда үзіліс мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді бұйрық шығарылады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші Заңның 11-бабында көзделген мерзімдерде оған Тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жазбаша түрде мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші бір күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайды не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін үш күндік мерзімнен аз уақыт белгіленген қызметке тыңдау жүргізілмейді.

25. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызметтер Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

26. ЗТ МДҚ ақпараттық жүйесі істен шыққан жағдайда қызмет беруші " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор ақпараттық жүйенің істен шығу себептерін анықтау жөнінде шаралар қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама (акт) жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

**3-тарау. Шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі көрсетілетін қызметті берушілерге және (немесе) олардың лауазымды адамдарына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша**

27. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты шешімі , іс-әрекеті (әрекетсіздігі) туралы шағым, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Мемлекеттік қызметтер Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

28. Шағымды қарауды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, онда сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік<br>тіркеу, олардың филиалдары<br>мен өкілдіктерін есептік тіркеу"<br>мемлекеттік көрсетілетін

қызмет ережеге
1-қосымша

**Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімінен көшірме**

Бұл көшірме заңды тұлға туралы мәліметтерді қамтыйды
_____________________________________________________________
(заңды тұлғаның толық атауы)

Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімі келесі көрсеткіштер бойынша мәліметтерді қамтыйды:

Ұйымдық-құқықтық нысаны:_____________________________________
Заңды тұлғаның қазақ тіліндегі толық атауы: ________________________
Заңды тұлғаның орыс тіліндегі толық атауы: _________________________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі: ____________________________________
Тіркеу (қайта тіркеу) күні: ________________________________________
Заңды тұлғаның мекен-жайы (тұрған жері) туралы мәліметі: ___________
_____________________________________________________________
(толық пошталық мекен-жайын көрсете отырып)
Тіркеуші органның атауы: _______________________________________
Беру күні ____________ ____________ ___________
басшысы қолы Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
М.О.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
2-қосымша

Нысан

**Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу туралы, сондай-ақ банктік шотты ашу мен жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы өтініш ( заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынасын орнатпай жүзеге асыратын жағдайды қоспағанда)**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 (07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ұйымдық нысан: ______________________________________________
2. Ұйымдық-құқықтық нысан: _________________________________________
3. Ұйымдық-құқықтық нысансыз ұйымның атауын көрсетіңіз:
ҰҚН көрсетілмеген мемлекеттік тілдегі атауы______________________________
ҰҚН орыс тіліндегі көрсетілмеген атауы____________________________________
ҰҚН көрсетілген ағылшын тіліндегі атауы:______________________________

мемлекеттік тілдегі қысқаша атауы:________________________________

орыс тіліндегі қысқаша атауы: ____________________

ҰҚН көрсетілген ағылшын тіліндегі қысқаша атауы: ___________

4. Басшы: ТАӘ/азаматтығы/нөмірі (бар болса сериясы), беру органы/жарамдылық мерзімі, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, соның ішінде ЖСН:________ ______

5. ЗТ уәкілетті органының басшыны тағайындау туралы шешімі ________

шешім нөмірі: ____________________ шешім күні:_____

6. Құрылтайшы-резиденттер туралы мәліметтер: Жеке тұлғаларға:

ЖСН/ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), салым мөлшері ___жарғылық капиталдағы үлесі % ______

Заңды тұлғаларға: БСН __________________________, ұйымның атауы, салым мөлшері ______________________ жарғылық капиталдағы үлесі % _____

6.1. Құрылтайшы-резиденттер емес туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаларға: ЖСН (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ТАӘ, азаматтығы, салым мөлшері _________

жарғылық капиталдағы үлесі % ______

Заңды тұлғаларға: БСН (егер бар болса), ұйымның шетелде тіркелген нөмері, ұйымның атауы, тіркеу (елі) юрисдикциясы, орналасқан жері, салым мөлшері ________ ____________ жарғылық капиталдағы үлесі % ______

7. Үлгілік жағы бойынша қызмет етеді: Иә ________ , Жоқ __________

8. Бенефициар(-лар) меншік иесі (-лері) туралы мәліметтер: азаматтығы,

ТАӘ, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН.

9. Заңды тұлғаның, филиал (өкілдіктің) мекен-жайы: __________________

Мекен-жайының типі:

Өзінің жылжымайтын мүліктің мекен-жайы___________________________

Арендаға алынған жылжымайтын мүліктің мекен-жайы ________________

Мекен-жайдың тірке коды_________________

Мекен-жай:_________________________________________________

Облыс ____________________________, қала, аудан, ауылды өңір, қаладағы

аудан:________________________________________ ауыл, кент

мекен______________________________ елді мекеннің бөлігі (көше, даңғыл): _________________________

жылжымайтын мүлік түрі: орынжай _____________, ғимарат ________________

сәйкестендіру деректері: үй нөмірі _________, корпус нөмірі _________,

блок нөмірі __________ пәтер ___________________________________________

пошталық индекс:_________телефон (факс) нөмірі_____________

электрондық пошта нөмірі________________________________

10. Тіркеуші орган (көрсетілген мекенжай бойынша автоматты түрде

толтырылады):_____________________________________________________

11. Негізгі экономикалық қызмет түрінің коды: ________________________

12. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны: _______ (кемінде 1 адам)

13. ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу: Иә ______, Жоқ _________

14. Банктік шотты ашу және сақтандыру шартын жасасу.

15. Банкті таңдау (анықтамалықтан таңдау): ___________________________

16. Банк филиалын таңдау (анықтамалықтан таңдау): ___________________

17. Валютаны таңдау (анықтамалықтан таңдау): ________________________

18. Телефон нөмірі: _______________________________________________

19. Атқарушы орган туралы мәлімет:

Жеке __________, алқалы__атқарушы органның атауы _________________________ __

20. Сақтандыру компанияны таңдау (анықтамалықтан таңдау): ________________

21. Жылдық еңбек қорын енгізу, теңгемен ____________________________

22. Сақтандыру мерзімінің басталуын және аяқталуын көрсету:

Сақтандырудың басталу күні________________________________________

Сақтандырудың аяқталу күні_______________________________________

23. Құжаттарды қосу: жарғының электрондық көшірмесі (егер бар болса).

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін______

Ескертуге:

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі

ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)

ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – бұл клиенттің-заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі, клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын, оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
3-қосымша

Нысан

**Заңды тұлғаны, филиалды (өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініш**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 (07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға _______

2) филиал ________

3) өкілдік ________________

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы ____________________ ___________________________________________________

3. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) құрамында шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз)

1) иә __________________________ 2) жоқ __________________________

4. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) мекенжайы

Мекенжайдың тіркеу коды: _________________

Пошталық индексі: ________

Облысы: _____________________________________

Қала, аудан: ___________________________________________________

Елді мекен, қаладағы аудан: ____________________

Ауыл, кент: ____________________________________________________

Елді мекеннің бөлігі (көше, даңғыл): _____________________

Үйдің нөмірі: ______ орынжай: __________________________________

Телефон нөмірі: _________________________

Электрондық пошта:______________

5. Басшының ТАӘ ________________________________________________

ЖСН___________________________________________________________

6. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз, саны цифр түрінде):

1) заңды тұлға _______________ 2) жеке тұлға________________________

Заңды тұлғаның атауы ________________________________________________

БСН, салықтық тіркеу нөмірінің аналогы не елдің коды (шетелдік заңды тұлғалар үшін)

__________________________________________________

Жарғылық капиталдағы үлесі % _____ Үлес сомасы (мың теңге) __________

Жеке тұлғаның, тегі, аты, әкесінің аты _____

ЖСН, салықтық тіркеу нөмірінің аналогы не елдің коды (шетелдік заңды тұлғалар үшін) _________________________________________

Жарғылық капиталдағы үлесі % _____ Салым сомасы (мың теңге) _________

Егер құрылтайшылар саны біреуден асатын жағдайда олар туралы мәліметтер:

ТАӘ, ЖСН салықтық тіркеу нөмірінің аналогы не елдің коды (жеке тұлға үшін), атауы, БСН, салықтық тіркеу нөмірінің аналогы не елдің коды (заңды тұлға үшін), сондай-ақ олардың жарғылық капиталдағы пайыз түріндегі және ақшалай үлестің жеке парақта өтінішке қоса тіркеледі.

7. Бенефициар(-лар) меншік иесі(-лері) туралы мәліметтер: ТАӘ, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН (бар болған жағдайда), заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе бенефициарлық меншік иесіне тиесілі орналастырылған акциялардың мөлшері

________________________________________________

8. Экономикалық қызметтің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз: ____________

9. ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеу (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) иә_____________ 2) жоқ_______________

10. Жарғылық капиталдың мөлшері __________________________________

11. Филиал (өкілдік) құрушы заңды тұлға туралы мәліметтер

Заңды тұлға (резидент емес)

Атауы ___________________________________________________

БСН, (жоқ болған жағдайда салықтық тіркеу нөмірінің аналогы немесе елді мекен коды көрсетіледі)______

12. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны ___

13. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) орта кәсіпкерлік субъектісі _______________________________________

2) ірі кәсіпкерлік субъектісі __________________________________________

14. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру ________________ 2) қосылу ____________________________

3) бөлініп шығу ______________ 4) бөліну ____________________________

15. Үлгі жарғы бойынша әрекет етеді:

1) иә_____________ 2) жоқ_______________

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін_________

Өтінішке: _____________________________________________________

_____________________________________________________ қоса беріледі.

20____ жылғы "___" __________ өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы .

Ескертуге:

БСН - бизнес сәйкестендіру нөмірі

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі

ТАӘ - тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – бұл клиенттің-заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі, клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын, оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
4-қосымша

Нысан

**Қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік тіркеу туралы өтініш**

1. Заңды тұлғаның атауы ________________________________________________

_____________________________________________________________________

2. Ұйымдық-құқықтық нысаны (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) толық серіктестік ____________ 2) жауапкершілігі шектеулі серіктестік _

3) сенім серіктестігі ____________ 4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік ____

3. Құрамында шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) иә ______________________ 2) жоқ _________________________________

4. Заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) иә ______________________ 2) жоқ__________________________________

5. Заңды тұлғаның орналасқан жері

Мекенжайдың тіркеу коды: ______________ Пошталық индексі: ____________

Облыс: __________________________

Қала, аудан: ________________________________________

Елді мекен, қаладағы аудан:__________________________________________

Ауыл, кент: _________________________________________

Елді мекеннің бөлігі (көше, даңғыл): _____________________

Үйдің нөмірі: ______ орынжай: ___________________________________

Телефон нөмірі: _______________________ Электрондық пошта: _________________

6. Басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ____________________________

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері) ___________________

7. Бенефициар (-лар) меншік иесі (-лері) туралы мәліметтер: азаматтығы, Т.А.Ә. ( бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН, заңды

тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе бенефициарлық меншік иесіне тиесілі орналастырылған акциялардың мөлшері

______________________________________________________________

8. Экономикалық қызметтің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз: _________

9. ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеу (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) иә_____________ 2) жоқ_______________

10. Жарғылық капиталдың мөлшері ____________________________________

11. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшықта х түріндекөрсетіңіз, мөлшері сан түрінде):

1) заңды тұлға _________________ 2) жеке тұлға ________________________

Заңды тұлғаның атауы _______________________________________________

(БСН көрсете отырып)

Жарғылық капиталдағы үлесі % _______ Үлес сомасы (мың теңге)________

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ___________________________________________

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтерін көрсете отырып)

Жарғылық капиталдағы үлесі % ____ Үлес сомасы (мың теңге) _________

Егер құрылтайшылар саны бірнеше болған жағдайда олар туралы мәліметтер: қосымшапарақта (жеке тұлға) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтерін көрсете отырып, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын, (жеке тұлға үшін) БСН көрсете отырып атауын, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын (заңдытұлға үшін), сондай-ақ олардың жарғылық капиталдағы пайыз түріндегіжәне ақшалайүлесін көрсете отырып ұсынады.

12. Байқау кеңесі құрылған жағдайда айрықша құзыреті:

_____________________________________________________________________

13. Тексеру комиссиясының мерзімін көрсетіңіз (жеке ревизор):

_____________________________________________________________________

14. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны ___________

15. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) шағын кәсіпкерлік субъектісі ___________________________________

2) орта кәсіпкерлік субъектісі___________________________________

3) ірі кәсіпкерлік субъектісі _______________________________________

16. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру_____________________________________________

2) қосылу______________________________________________________

3) бөлініп шығу_________________________________________________

4) бөліну________________________________________________________

17. Қайта ұйымдастыруға қатысатын заңды тұлғалардың саны_________

18. Қайта құрылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:
Заңды тұлғаның бұрынғы атауы ____________________________________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _________________________________
19. Қосылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:
Қосылуға қатысатын заңды тұлғалардың атауы________________________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)_________________________________
20. Бөлініп шығу жағдайында келесі мәліметтерді көрсету керек:
Бөлініп шыққан жаңа заңды тұлғаның атауы__________________________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН_________________________________)
21. Бөлінген жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:
Заңды тұлғаның негізінде құрылған заңды тұлғалардың атау____________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)_________________________________

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін ____________.

Өтінішке:_______________________________________________________
________________________________________________________________
______________________________________________________________ қоса беріледі.

20___ жылдың "____"______________________________________

Құрылтайшылардың қолдары және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ( қатысушылардыңтізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын жағдайда - жалпы жиналыстыңқұрылтайшыларының хаттамасымен өкілетті тұлғаның қолы ( қатысушының шешімімен).

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын шаруашылықсеріктестіктерін қоспағанда, қол(дар) қою шынайылығы нотариалды бекітілген түрде болуы тиіс.

Ескерту:
БСН - бизнес сәйкестендіру номері
ЖСН - жеке сәйкестендіру номері
ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)
ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары

мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
5-қосымша

Нысан

**Қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш**

1. Тіркелетін акционерлік қоғамның атауы_________________________

2. Құрамында шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) иә ___________________ 2) жоқ_____________________

3. Заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз):

1) иә ___________________ 2) жоқ_____________________

4. Акционерлік қоғамның орналасқан жері

Мекенжайдың тіркеу коды: ______________

Пошталық индексі: ___________ Облыс: _____________________

Қала, аудан: ____________________________________________

Елді мекен, қаладағы аудан:_______________________________________

Ауыл, кент:_____________________________________________________

Елді мекеннің бөлігі (көше, даңғыл): _____________________

Үйдің нөмірі: ______ орынжай: ___________________________________

Телефон нөмірі: ____________________________ Электрондық пошта:___________

5. Басшының Т.А.Ә.(бар болған жағдайда)__________________________

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері)

6. Экономикалық қызметінің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз _________

7. Бенефициар (-лар) меншік иесі (-лері) туралы мәліметтер: азаматтығы, Т.А.Ә. ( бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе бенефициарлық меншік иесіне тиесілі орналастырылған акциялардың мөлшері __________________________________

____________________________________________________________

8. Жарғылық капиталдың мөлшері ____________________________________

9. ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеу (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз)

1) иә_____________ 2) жоқ_______________

10. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшықта x түрінде көрсетіңіз, санын цифр түрінде):

1) заңды тұлға _______________ 2) жеке тұлға _________________________

11. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтің кепілдік берілгенмөлшерін көрсетіңіз: ___________________________________________

(бекітілген көрсеткіште немесе оның мәні қол жетімді және жүйеліболған жағдайда қандай да болса көрсеткішке қатысты қайта есептелген)

12. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді төлеу кезеңділігін көрсетіңіз: ____________________________________________________________

13. Міндетті жариялауға жататын ақпаратты басып шығару үшінқолданатын бұқаралық

ақпарат құралдарын көрсетіңіз: ______________________________________

____________________________________________________________________

14. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің саны___________________________

(Үлгілік жарғының 37-тармағының талаптары қаржылық ұйымдарға қолданылады)

15.Қоғамды басқару мүшелерінің саны ________________________________

16. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін саны (шамамен) _______

17. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) орта кәсіпкерлік субъектісі ____ 2) ірі кәсіпкерлік субъектісі ___

18. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшықта х түріндекөрсетіңіз):

1) қайта құру _______________ 2) қосыл_______________________________

3) бөлініп шығу ______________ 4) бөліну _______________________________

19. Қайта ұйымдастыруға қатысатын заңды тұлғалардың мөлшері _______

20. Қайта құрылған жағдайда мынадай мәліметтерді көрсету керек

Заңды тұлғаның бұрынғы ___________________________________________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) __________________________________

21. Қосылған жағдайда мынадай мәліметтерді көрсету керек:

Қосылуға қатысатын заңды тұлғалардың атауы_________________________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)__________________________________

22. Бөлініп шығу жағдайында мынадай мәліметтерді көрсету керек:

Одан жаңа заңды тұлға бөлініп шыққан қолданыстағы заңды тұлғаның атауы _____ _____________________________

_______________________________________________________________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)___________________________________

23. Бөлінген жағдайда мынадай мәліметтерді көрсету керек:

Оның негізінде заңды тұлғалар құрылған заңды тұлғаның атауы

____________________________________________________________________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)___________________________________

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін_________________________

Өтінішке:_________________________________________________________

____________________________________________________________________

_______________________________________________________ қоса беріледі.

20__ жылғы "_____" ______

Басшының қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда).

Қолдың шынайылығы нотариалды бекітілген түрде болуы тиіс.

Ескерту:

БСН - бизнес сәйкестендіру номері

ЖСН - жеке сәйкестендіру номері

ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)

ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік<br>тіркеу, олардың филиалдары<br>мен өкілдіктерін есептік тіркеу"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызмет ережеге<br>6-қосымша

Нысан

**Қызметін үлгілік жарғы негізінде өзінің жүзеге асыратын өндірістік кооперативті мемлекеттік тіркеу туралы өтініш**

1. Өндірістік кооперативтің атауы____________________________________

2. Құрамында шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) иә __________________ 2) жоқ________________________________

3. Заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) иә __________________ 2) жоқ ______________________________

4. Өндірістік кооперативтің орналасқан жері

Мекенжайдың тіркеу коды: ______________ Пошталық индексі: ______

Облыс: ____________Қала, аудан: _________________________

Елді мекен, қаладағы аудан:_______________________________________

Ауыл, кент: __________________________________________

Елді мекеннің бөлігі (көше, даңғыл): _____________________

Үйдің нөмірі: ______ орынжай: _______________________________

Телефон нөмірі: ____________________________ Электрондық пошта: ____________

5. Басшының Т.А.Ә.(бар болған жағдайда)____________________________

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері)

6. Экономикалық қызметінің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз: ______

7. Бенефициар (-лар) меншік иесі(-лері) туралы мәліметтер: азаматтығы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН, бенефициарлық меншік иесіне тиесілі пайлардың мөлшері ________________

8. Капиталдың мөлшері: ________________________________________

9. ҚҚС төлеушісі ретінде тіркеу (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) иә_____________ 2) жоқ_______________

10. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз, саны цифр түрінде):

1) заңды тұлға ____________ 2) жеке тұлға__________________________

11. Заңды тұлғаның құрылтайшылары туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)______________________

(ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтері, аналогы немесе_елдің коды ( шет ел жеке тұлғалары үшін)__________________________________________ пай мөлшері % ____ мүліктік жарна _________________________________________

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)__________________________

ЖСН, салықтық тіркеу нөмірінің аналогы немесе елді мекен коды (шетелдік жеке тұлға үшін) ___________________________________

пай мөлшері % мүліктік жарна ___________________________________________

Егер құрылтайшылар саны бірнеше болған жағдайда олар туралы мәліметтер: қосымша парақта (жеке тұлға) Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ЖСН және азаматтың жеке куәлігінің мәліметтерін көрсетеотырып, салық тіркеліміндегі аналог нөмірін немесе ел кодын, сондай-ақ олардың паймөлшерін, мүліктік жарнасын көрсете отырып ұсынады.

12. Кооператив мүшелерінің мүліктік салым салудың тәртібі, әдістері және мерзімі

______________________________________________________________

__________________________________________________________________

13. Кооператив пен оның мүшелерінің, атқару органының және еңбекұйымы арасындағы байланыс: _______________________________________________________

_____________________________________________________________________

14. Тексеру комиссиясының құрамы __________________________________

15. Тексеру комиссиясын сайлау мерзімі _____________________________

16. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін саны (шамамен)____________

17. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) шағын кәсіпкерлік субъектісі _______ 2) орта кәсіпкерліксубъектісі ____

3) ірі кәсіпкерлік субъектісі ____________________

18. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):

1) қайта құру _____________________ 2) қосылу_______________________

3) бөлініп шығу ___________________ 4) бөлін________________________

19. Қайта ұйымдастыруға қатысатын заңды тұлғалардың мөлшері ________
20. Қайта құрылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:
Заңды тұлғаның бұрынғы атауы______________________________________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) __________________________________
21. Қосылған жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:
Қосылуға қатысатын заңды тұлғалардың атауы________________________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН____________________________________
22. Бөлініп шығу жағдайында мынадай мәліметтерді көрсету керек:
Бөлініп шыққан жаңа заңды тұлғаның атауы__________________________
Бизнес–сәйкестендіру нөмірі (БСН) __________________________________
23. Бөлінген жағдайда келесі мәліметтерді көрсету керек:
Заңды тұлғаның негізінде құрылған заңды тұлғалардың атауы____________
__________________________________________________________________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) __________________________________

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін______

Өтінішке: ____________________________________________________
_______________________________________________________қоса беріледі.
20 __ жылғы "___"_________________________
Басқару кооперативі (төраға) басшысының қолы және Т.А.Ә. (бар болған жағдайда).
Қолдың шынайылығы нотариалды бекітілген түрде болуы тиіс.
Ескерту:
БСН - бизнес сәйкестендіру номері
ЖСН - жеке сәйкестендіру номері
ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)
ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
7-қосымша

Нысан

**Орта кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу және банктік шотты ашу мен жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынасын орнатпай жүзеге асыратын жағдайдан басқа) өтініш**

1. Ұйымдық нысаны: ___________________________________________________

2. Ұйымдық-құқықтық нысаны:____________________________________________

3. Ұйымдық-құқықтық нысансыз ұйымның атауын көрсетіңіз:

Мемлекеттік тілдегі ҰҚН көрсетусіз атауы_____________________________

Орыс тіліндегі ҰҚН көрсетусіз атауы___________________________________

Ағылшын тіліндегі ҰҚН атауы:__________________________________________

Мемлекеттік тілдегі қысқаша атауы:____________________________________

Орыс тіліндегі қысқаша атауы:_________________________________________

Ағылшын тіліндегі қысқаша ҰҚН атауы: _________________________________

4. Басшысы: Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)/азаматтығы/нөмірі (бар болса сериясы), беру органы/жарамдылық мерзімі, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, соның ішінде ЖСН:______________

5. ЗТ уәкілетті органының басшыны тағайындау бойынша шешімі _________

шешім нөмірі: ____________________ шешім күні:__________________

6. Құрылтайшы-резиденттер туралы мәліметтер: Жеке тұлғаларға:

ЖСН/ Т.А.Ә.(бар болған жағдайда), салым мөлшері ___________ жарғылық капиталдағы үлесі % ______

Заңды тұлғаларға: БСН __________________________, ұйымның атауы,

салым мөлшері _______________________ жарғылық капиталдағы үлесі % ______

6.1. Құрылтайшы-резиденттер емес туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаларға: ЖСН (егер бар болса), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, Т.А.Ә.(бар болған жағдайда), азаматтығы, салым мөлшері _______________ жарғылық капиталдағы үлесі % ______

Заңды тұлғаларға: БСН (егер бар болса), ұйымның шетелде тіркелген нөмері, ұйымның атауы, юрисдикция (ел) тіркеу, орналасқан жері, салым мөлшері ___________ _________жарғылық капиталдағы үлесі % ______

7. Үлгілік жағы бойынша қызмет етеді: Иә ________ , Жоқ __________

8. Бенефициар(-лар) меншік иесі(-лері) туралы мәліметтер: азаматтығы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе бенефициарлық меншік иесіне тиесілі орналастырылған акциялардың мөлшері _________ _________________________ __________________________________________

9. Заңды тұлғаның, филиал (өкілдіктің) мекен-жайы: ___________________

Мекен-жайының типі:

Өзінің жылжымайтын мүліктің мекен-жайы___________________________

Арендаға алынған жылжымайтын мүліктің мекен-жайы _________________

Мекен-жайдың тірке коды___________________________________________

Мекенжай:_________________________________________________________

Облыс ___________________________, қала, аудан,_____________________

ауылды өңір, қаладағы аудан:_______________________________________

ауыл, елді мекен___________________________________________________

елді мекеннің бөлігі (көше, даңғыл): ___________________________

жылжымайтын мүлік түрі: орынжай _____________, ғимарат _____________

сәйкестендіргіш нөмірлер: үй нөмірі _________, корпус нөмірі _________,

блок нөмірі __________ пәтер ____________ пошталық индекс:__________

10. Тіркеуші орган (көрсетілген мекен-жай бойынша автоматты түрде толтырылады ):_______________________________________________________

11. Негізгі экономикалық қызмет түрінің коды: _________________________

12. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны: ________

13. ҚҚС төлеуші ретінде тіркеу: Иә ______, Жоқ _________

14. Банктік шотты ашу және сақтандыру шартын жасасу.

15. Банкті таңдау (анықтамалықтан таңдау): _____________________________

16. Банк филиалын таңдау (анықтамалықтан таңдау): _____________________

17. Валютаны таңдау (анықтамалықтан таңдау): _________________________

18. Телефон нөмірі: ________________________________________________

19. Атқарушы орган туралы мәлімет:Жеке ______________________, алқалы

Атқарушы органның атауы___________________________________________

20. Қаржыландыру көзі (анықтамалықтан таңдау): _______________________

21. Жылдық еңбек қорын енгізу, теңгемен ______________________________

22. Сақтандырудың басталу және аяқталу мерзімін көрсету:

Сақтандырудың басталу күні_________________________________________

Сақтандырудың аяқталу күні_________________________________________

23. Құжаттарды қосу: жарғының электрондық көшірмесі (егер бар болса).

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін_________

Ескерту:

БСН - бизнес сәйкестендіру номері

ЖСН - жеке сәйкестендіру номері

ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)

ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе

жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларына
8-қосымша

**"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін-мемлекеттік тіркеу.<br>2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу.<br>3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу.<br>4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу. | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті ( бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | 1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу-Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкіметтің" веб-порталы, сондай-ақ өзге де ақпараттандыру объектілері;<br>2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу-Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкіметтің" веб-порталы, сондай-ақ өзге де ақпараттандыру объектілері;<br>3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу - Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкіметтің" |

| | | |
|---|---|---|
| | | веб-порталы, сондай-ақ ақпараттандырудың өзге де объектілері. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу - порталда, акционерлік қоғамдарды, олардың филиалдарын (өкілдіктерін) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу өтініш берілген кезден бастап 1 жұмыс күн ішінде көрсетіледі.<br>2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу-коммерциялық заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Ұлттық тізілімдер Заңы) сәйкес сәйкестендіру нөмірлері жоқ шетелдік тұлғалар қатысатын олардың филиалдарын ( өкілдіктерін) есептік тіркеу өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.<br>3. Саяси партияларды қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаларды, сондай-ақ саяси партияларды қоспағанда қызметін үлгілік болып табылмайтын жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамдарды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдарын (өкілдіктерін), сондай-ақ филиалдарын ( өкілдіктерін) есептік тіркеу шетелдік коммерциялық емес ұйымдар бес жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс, қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі келесі күні.<br>4. Саяси партияларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.<br>5. Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни |

| | | |
|---|---|---|
| | | бірлестіктердің, оның ішінде шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін 5 жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі, көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс 10 жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі.<br>6. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу Ұлттық тізілімдер туралы Заңға сәйкес сәйкестендіру нөмірлері жоқ шетелдік тұлғалар қатысатын коммерциялық заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдарын ( өкілдіктерін) есептік тіркеу өтініш берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.<br>Көрсетілген қызметті алушының көрсетілген қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут;<br>Көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | 1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу туралы өтініш - электронды (ішінара автоматтандырылған) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін / қағаз түрінде;<br>2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу - Электронды ( ішінара автоматтандырылған) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін /қағаз түрінде;<br>3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу - Электронды (ішінара автоматтандырылған) /қағаз түрінде; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу - Электронды ( ішінара автоматтандырылған) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін /қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | 1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу-осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама не көрсетілетін қызметті берушінің электронды құжат түрінде электрондық цифрлық қолтанбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған осы тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы.<br>2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу - осы Қағидаларға 10 қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу туралы анықтама (бұдан әрі-анықтама) не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрдегі дәлелді бұйрық.<br>3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу –анықтама немесе осы осы тізімнің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрде дәлелді бұйрық.<br>4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу - анықтама немесе осы осы тізімнің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрде дәлелді бұйрық. |
| | | Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу тегін; |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | 2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу – ақылы;<br>3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу - ақылы;<br>4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу – ақылы.<br>Коммерциялық емес ұйымдарды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызметке ақы төлеу тіркеу алымы белгіленген.<br>Тіркеу алымының сомасы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық Кодексі)" (бұдан әрі-Кодекс) белгіленген мөлшерлемелер бойынша есептеледі және салық салу объектісінің тіркелген жері бойынша тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді.<br>Коммерциялық ұйымдарды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның (бұдан әрі-Заң) 10-бабына сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына сәйкес ақы алынады.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға электрондық сұрау салуды портал арқылы берген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады. |
| | | 1. Комитет және аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.<br>Көрсетілетін қызметті берушінің/ Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсету шарттары: мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезек портал арқылы брондалады.<br>3. Портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Өтініштерді қабылдауды жүзеге асыратын ұйымдар бөлінісінде құжаттар тізбесі, сондай-ақ қызметтердің ішкі түрлері:<br>1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу.<br>Мемлекеттік корпорацияға шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу үшін 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш беріледі; |

| | | |
|---|---|---|
| | | Шетелдік қатысуы бар шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы-шетелдік-құрылтайшының паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен, сондай-ақ "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес коммерциялық ұйымды Қазақстан Республикасында тіркеу құқығын растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылады;<br>2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу.<br>Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін Мемлекеттік корпорацияға 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша өтініштер ұсынылады: заңды тұлғаны, филиалды ( өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініш;<br>өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;<br>Өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын өндірістік кооперативті мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;<br>Қағидалардың қосымшаларына сәйкес нысан бойынша орта кәсіпкерлік субъектісін мемлекеттік тіркеу туралы және банктік шот ашу және қызметкерді жазатайым оқиғалардан (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары ) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына түспей жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) міндетті сақтандыруға өтініш (бұдан әрі – өтініш).<br>Мемлекет қатысатын заңды тұлғалар тізілім ұстаушының белгісі бар өтінішті ұсынады. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Сәйкестендіру нөмірлері жоқ тұлғаларды қоспағанда, шетелдік қатысуы бар орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, Заңға сәйкес, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.<br>Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, онда:<br>сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірменің немесе құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын, нотариалды түрде куәландырған қазақ және орыс тілдеріне аудармасымен басқа да жария етілген құжаттың көшірмесі;<br>"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңы на сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжаттың, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен шетелдік құрылтайшының паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесі қосымша беріледі.<br>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды " электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.<br>Акционерлік қоғам: өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды қоспағанда, жарғы; құрылтай жиналысының хаттамасы не жалғыз қатысушының шешімі; шағын және орта субъектілерге жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, түбіртек немесе мемлекеттік тіркелгені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын өзге құжат немесе Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі Мемлекеттік кәсіпорындарды, заңды тұлғаларды және өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді монополияға қарсы органның келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.<br>Сенім серіктестігі: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Толық серіктестік: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Өндірістік кооператив: құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімі; жарғы; құрылтай шарты; тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда ), жеке сәйкестендіру нөмірі ( бұдан әрі – ЖСН), тұрғылықты жері көрсетілген өндірістік кооператив мүшелерінің тізімі; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды | |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Тұтыну кооперативі: жарғы; құрылтай шарты; құрылтай жиналысының шешімі; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат; тұтыну кооперативі азаматтар үшін – тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда ), тұрғылықты жері, ЖСН және азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетілген осы кооператив мүшелерінің тізімін ұсынады және заңды тұлғалар үшін атаулары, орналасқан жері, банктік деректемелері және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер.<br>Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Жауапкершілігі шектеулі серіктестік: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Мемлекеттік кәсіпорын: жарғы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның кәсіпорын құру туралы шешімі; шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Мемлекеттік мекеме: мемлекеттік мекемені құру туралы шешім; ереже (жарғы); мемлекеттік тіркеу үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Тұрғын үй-құрылыс кооперативі: тұрғын үй-құрылыс кооперативін |

| | | |
|---|---|---|
| | | құру туралы шешім; жарғы; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат; олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тұрғылықты жері және ЖСН көрсетілген осы кооперативтер мүшелерінің тізімі.<br>Мүліктің меншік иелері бірлестігі: жиналыс хаттамасы; үлгілік жарғы негізінде өз қызметін жүзеге асыратын мүлік иелерінің бірлестіктерін қоспағанда, мүлік меншік иелерінің бірлестігінің жарғысы; мемлекеттік тіркеу үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Адвокаттар алқасы: адвокаттар алқасы мүшелерінің құрылтай жиналысы (конференциясы) бекіткен жарғы; уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімі;<br>мемлекеттік тіркеу үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Нотариаттық палата: нотариаттық палатаның жоғары басқару органы бекіткен жарғы; жоғары басқару органының жарғыны бекіту туралы шешімі; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Қор: жарғы; құрылтай шарты ( құрылтайшылар саны біреуден көп болған кезде); уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімі;<br>алқалы органның (қамқоршылық кеңестің) атқарушы органды тағайындау туралы шешімі; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Қоғамдық бірлестік: құрылтай съезінде (конференцияда, жиналыста) қабылданған жарғы; съездің (конференцияның, жиналыстың) төрағасы мен хатшысы қол қойған жарғыны |

| | | |
|---|---|---|
| | | қабылдаған құрылтай съезінің ( конференцияның, жиналыстың) хаттамасы;<br>тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ЖСН, тұрғылықты жері, үй және қызметтік телефондары, жеке қолы көрсетілген қоғамдық бірлестіктің бастамашы-азаматтарының тізімі;<br>қоғамдық бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Саяси партияларды тіркеу кезінде:<br>1) тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өтініш;<br>2) саяси партияның басшысы қол қойған саяси партияның жарғысы мен бағдарламасы екі данада;<br>3) саяси партияның құрылтай съезінің (конференциясының) хаттамасы;<br>4) құрамында кемінде бес мың партия мүшесі болуға тиіс, барлық облыстарда, республикалық маңызы бар қалада және Астанада партияның құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін, олардың әрқайсысында кемінде екі жүз партия мүшесі бар тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ЖСН, тұрғылықты мекен-жайы көрсетілген партия мүшелерінің тізімдері.<br>5) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені үшін алым төленгені туралы құжат.<br>Саяси партия құру үшін саяси партия құру жөніндегі ұйымдастыру комитеті тіркеуші органға Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша , сондай-ақ "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес саяси партия құру ниеті туралы хабарлама ұсынады:<br>1) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық (EXCEL форматында |

| | | |
|---|---|---|
| | | ) және қағаз тасығыштарда саяси партия құру жөніндегі азаматтардың бастамашыл тобының тізімі және Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық және қағаз тасығыштарда ұйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтер;<br>2) ұйымдастыру комитетінің құрылу мақсаты, саяси партияның болжамды атауы, орналасқан жері, ұйымдастыру комитетінің ақшасы мен өзге де мүлкін қалыптастыру мен пайдаланудың болжамды көздері, сондай-ақ ұйымдастыру комитетінің қаражатын қалыптастыру үшін есеп айырысу шотын ашуға және оның қызметін қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық шарттар жасасуға уәкілетті ұйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтер көрсетілетін ұйымдастыру комитеті жиналысының хаттамасы ұсынылады.<br>Тіркеуші орган хабарламаны және осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген құжаттарды алған күні ұйымдастыру комитетінің уәкілетті адамына құжаттардың ұсынылғанын растайтын Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылғаны туралы растау береді.<br>Қауымдастық (одақ) нысанындағы дара кәсіпкерлердің және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі: жарғы; бірлестіктің барлық құрылтайшылары қол қойған құрылтай шарты; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімі; мемлекеттік тіркелгені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Аудиторлар палатасы: жарғы; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімі; мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Діни бірлестік: діни бірлестіктің басшысы қол қойған діни бірлестіктің жарғысы;<br>құрылтай жиналысының (съездің, конференцияның) хаттамасы;<br>Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық және қағаз жеткізгіштерде құрылатын діни бірлестіктің бастамашы-азаматтарының тізімі;<br>діни бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжат;<br>діннің пайда болу тарихы мен негіздерін ашатын және оған сәйкес діни қызмет туралы мәліметтерді қамтитын баспа діни материалдары;<br>мемлекеттік тіркегені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге де құжат; діни бірлестіктің басшысын сайлау туралы шешім не шетелдік діни орталық басшыны тағайындаған жағдайда уәкілетті органмен келісілгенін растайтын құжат.<br>Өңірлік діни бірлестікті тіркеу кезінде тіркеуші орган белгілеген нысан бойынша өңірлік діни бірлестіктер құруға бастамашы болған әрбір жергілікті діни бірлестіктерге қатысушылардың тізімі, сондай-ақ олардың жергілікті діни бірлестіктері жарғыларының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері қосымша ұсынылады;<br>республика шегінен тыс жерде басқарушы орталығы бар діни бірлестік қосымша: қазақ және орыс тілдерінде нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен шетелдік орталық жарғысының көшірмесін ұсынады; діни орталықтың өз елінің заңнамасы бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын тізілімнен үзінді көшірмені немесе басқа құжатты, Діни басқармалар ( орталықтар) құрған рухани оқу орындарының, мешіттердің, |

| | | |
|---|---|---|
| | | монастырлардың және өзге де діни бірлестіктердің жарғыларын ( ережелерін) осы діни басқармалар (орталықтар) бекітеді; тіркеу үшін діни басқарудың уәкілетті органының (орталықтың) оларды құру туралы шешімі ұсынылады.<br>Мекеме: меншік иесінің мекеме құру туралы шешімі;<br>ереже (жарғы); құрылтай шарты немесе ұқсас келісім (меншік иелері (құрылтайшылар) саны біреуден көп болған кезде);<br>мемлекеттік тіркеу үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Бағалаушылар палатасы: жарғы; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімі; мемлекеттік тіркелгені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Заң консультанттары палатасы: жарғы; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімі; мемлекеттік тіркелгені үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Адвокаттық кеңсе: жарғы; заңды тұлғаны құру туралы уәкілетті органның шешімі; заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін бюджетке алым төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат.<br>Филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеу үшін: қазақстандық заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі ): өтініш;<br>Өтінішке коммерциялық емес ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат немесе коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың филиалы (өкілдігі) үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат қоса беріледі. |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері), сондай-ақ акционерлік қоғамдар үшін қосымша: заңды тұлға бекіткен қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық нұсқадағы филиал (өкілдік) туралы ереже, Жарғының ( Ереженің) көшірмелері және заңды тұлғаның сенімхаты ( қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда), филиал (өкілдік) басшысына берілген.<br>Егер заңды тұлғаның басшысы филиалдың (өкілдіктің) басшысы болып табылса, онда тіркеуші органға сенімхат беру талап етілмейді.<br>Филиалды (өкілдікті) құру кезінде мемлекеттік кәсіпорын Ұлттық банктің не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) филиал (өкілдік) құруға келісімін растайтын құжатты қосымша ұсынады.<br>Шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) :<br>өтініш;<br>заңды тұлғаның органы бекіткен филиал (өкілдік) туралы ереже; нотариалды түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен заңды тұлғаның филиал немесе өкілдік басшысына берген сенімхаты; нотариалды түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен филиал (өкілдік) құру туралы заңды тұлғаның шешімі; сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірме немесе Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) ашатын осы субъектінің өз елінің заңнамасы бойынша қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырған аудармасымен заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да жария етілген құжат; қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен |

| | | |
|---|---|---|
| | | заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының көшірмесі; шетелдік коммерциялық емес ұйымның филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат немесе шетелдік коммерциялық ұйымның филиалы (өкілдігі) үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін: өтініш; заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың ( қатысушылардың) шешімі, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген органның шешімі немесе Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 231-бабында және Азаматтық кодекстің 45-бабының 3-тармағында (бұдан әрі - Кодекс) көзделген жағдайларда соттың шешімі; біріктіру, қосылу, қайта құру кезінде-өткізу актісі, бөлу, бөліп шығару кезінде-заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелерді және өткізу актісін және бөлу балансын бекіту туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімін көрсете отырып, бөлу балансы;<br>заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы кредиторлардың жазбаша хабарламасын растайтын құжат; коммерциялық емес ұйымға жататын қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін алымның бюджетке төленгенін растайтын түбіртек немесе өзге құжат немесе коммерциялық ұйымға жататын |

| | | |
|---|---|---|
| | | қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Портал арқылы құжаттарды тапсыру кезінде.<br>Шағын кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) банктік шот ашумен және қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырумен (заңды тұлғаның құрылтайшысы (құрылтайшылары ) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына түспей жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.<br>Орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін құрылтайшы (құрылтайшылар) орта кәсіпкерлік субъектісін мемлекеттік тіркеу және банктік шот ашу туралы нысанды толтырады және қызметкерді жазатайым оқиғалардан (заңды тұлғаның құрылтайшысы ( құрылтайшылары) қызметті жеке тұлғалармен еңбек қатынастарына түспей жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда) міндетті сақтандыруға Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нотариалды түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен шетелдік құрылтайшының паспорттының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжат;<br>Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді (Саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қоспағанда) мемлекеттік тіркеу үшін: |

| | | |
|---|---|---|
| | | жарғының (Ереженің) электрондық көшірмесі; " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу; қоғамдық бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі; уәкілетті орган шешімінің электрондық көшірмесі. Акционерлік қоғам үшін: өз қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамды қоспағанда, жарғының электрондық көшірмесі; құрылтай жиналысы хаттамасының электрондық көшірмесі не жалғыз қатысушының шешімі; " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу; егер заңды тұлға тиісті тауар нарығында монополиялық жағдайға ие нарық субъектісіне, сондай-ақ акцияларының ( жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарға, заңды тұлғаларға және өз қызметін тиісті тауар нарығында жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларға жататын болса, монополияға қарсы органның алдын ала келісімінің электрондық көшірмесі құру Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағын, тіркеуші орган монополияға қарсы органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады. Сенім серіктестігі үшін: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. Толық серіктестік үшін: шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұлғаларды қоспағанда, " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Өндірістік кооператив үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, тұрғылықты жері көрсетілген өндірістік кооператив мүшелері тізімінің электрондық көшірмесі; "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Тұтыну кооперативі үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; құрылтай шартының электрондық көшірмесі;<br>"электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу; азаматтар үшін-тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН және тұрғылықты жері, заңды тұлғалар үшін – орналасқан жері, банктік деректемелері және БСН туралы мәліметтер көрсетілген осы кооператив мүшелері тізімінің электрондық көшірмесі.<br>Қосымша жауапкершілігі бар серіктестік үшін:<br>шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Жауапкершілігі шектеулі серіктестік үшін:<br>шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Мемлекеттік кәсіпорын үшін: жарғының электрондық көшірмесі ;<br>Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органның кәсіпорын құру туралы шешімінің электрондық көшірмесі;<br>"электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Мемлекеттік мекеме үшін: мемлекеттік мекемені құру туралы шешімнің электрондық көшірмесі; Ереженің (жарғының) электрондық көшірмесі; " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Тұрғын үй-құрылыс кооперативі үшін: жарғының электрондық көшірмесі; "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу осы кооперативтер мүшелерінің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), тұрғылықты жерін және ЖСН көрсете отырып, олардың тізімінің электрондық көшірмесі.<br>Адвокаттар алқасы үшін: адвокаттар алқасы мүшелерінің құрылтай жиналысы ( конференциясы) бекіткен жарғының электрондық көшірмесі ; уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімінің электрондық көшірмесі; " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Нотариаттық палата үшін: нотариаттық палатаның жоғары басқару органы бекіткен жарғының электрондық көшірмесі ;<br>жарғыны бекіту туралы жоғары басқару органы шешімінің электрондық көшірмесі; " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Қор үшін: жарғының электрондық көшірмесі; құрылтай шартының электрондық көшірмесі ( құрылтайшылар саны біреуден көп болған кезде);<br>уәкілетті органның жарғыны бекіту туралы шешімінің электрондық көшірмесі; алқалы органның (қамқоршылық кеңестің ) атқарушы органды тағайындау туралы шешімінің электрондық көшірмесі; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Қоғамдық бірлестік үшін: құрылтай съезінде (конференцияда, жиналыста) қабылданған жарғының электрондық көшірмесі;<br>съездің (конференцияның, жиналыстың)төрағасы мен хатшысы қол қойған жарғыны қабылдаған құрылтай съезі (конференция, жиналыс) хаттамасының электрондық көшірмесі;<br>Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), ЖСН, тұрғылықты жері, үй және қызметтік телефондары, жеке қолы көрсетілген қоғамдық бірлестіктің бастамашысы азаматтар тізімінің электрондық көшірмесі; қоғамдық бірлестіктің орналасқан жерін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>"электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Мүлік меншік иелерін біріктіру үшін тіркеу ақпараттандыру объектілерін және "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорын (бұдан әрі - ЗТ МДҚ) электрондық түрде интеграциялау арқылы жүзеге асырылады.<br>Қауымдастық (одақ) нысанындағы жеке кәсіпкерлерді және (немесе) заңды тұлғаларды біріктіру үшін:<br>жарғының электрондық көшірмесі; бірлестіктің барлық құрылтайшылары қол қойған құрылтай шартының электрондық көшірмесі;<br>уәкілетті органның заңды тұлға құру туралы шешімінің электрондық көшірмесі; "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Аудиторлар палатасы үшін: жарғының электрондық көшірмесі;<br>уәкілетті органның заңды тұлға құру туралы шешімінің | |

| | | |
|---|---|---|
| | | электрондық көшірмесі; "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Бағалаушылар палатасы үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; заңды тұлға құру туралы уәкілетті орган шешімінің электрондық көшірмесі; "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Заң консультанттары палатасы үшін: жарғының электрондық көшірмесі; заңды тұлға құру туралы уәкілетті органның шешімінің электрондық көшірмесі ;<br>"электрондық үкіметтің"төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Адвокаттық кеңсе үшін: жарғының электрондық көшірмесі ; заңды тұлға құру туралы уәкілетті орган шешімінің электрондық көшірмесі; "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу.<br>Қайта ұйымдастыру жолымен құрылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін: хабарлама; заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның, құрылтайшылардың (қатысушылардың) шешімінің электрондық көшірмесі, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген органның шешімі немесе Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 231-бабында және Кодекстің 45-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларда сот шешімі беріледі;<br>біріктіру, қосу, қайта құру кезінде-өткізу актісінің электрондық көшірмесі, бөлу, бөліп шығару кезінде-заңды тұлға мүлкінің меншік иесі немесе заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған орган бекіткен қайта |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелерді және беру актісін және бөлу балансын бекіту туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімін көрсете отырып, бөлу балансының электрондық көшірмесі;<br>заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы кредиторлардың жазбаша хабарламасын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>коммерциялық емес ұйымға жататын қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу немесе коммерциялық ұйымға жататын қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның қызметін тоқтатқаны үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама "жеке кабинетіне" жіберіледі.<br>Заңды тұлғаның орналасқан жерін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері жалдау шарты және азаматтық заңнамада көзделген өзге де құжат болып табылады.<br>Егер үй-жайдың иесі жеке тұлға болып табылған жағдайда, жеке тұлғаның заңды тұлғаның орналасқан жері ретінде үй-жай беру туралы нотариалды түрде куәландырылған келісімі ұсынылады. Акционерлік қоғамдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың құрылтай құжаттарын қоспағанда, коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылмайды. | |

| | | |
|---|---|---|
| | | Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады.<br>Заңның 6-бабында көзделген жағдайларда, қызметінің мәні қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу кезінде Бизнес - сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімі (бұдан әрі-Ұлттық тізілім) электрондық хабарлама арқылы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның рұқсатының болуы туралы мәліметтерді алады.<br>Заңды тұлғаның қазақстандық филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу үшін: есептік тіркеу туралы өтінім беріледі;<br>коммерциялық емес ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу немесе коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғалардың филиалы (өкілдігі) үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың филиалдары (өкілдіктері), сондай-ақ акционерлік қоғамдар үшін заңды тұлға бекіткен филиал (өкілдік) туралы ереженің қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық көшірмесі, жарғының (ереженің) көшірмелері және филиал басшысына берілген заңды тұлғаның (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда) сенімхаты қосымша ұсынылады ( өкілдіктер).<br>Филиалды (өкілдікті) құру кезінде мемлекеттік кәсіпорын Ұлттық банктің не мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) филиал (өкілдік)құруға келісімін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін қосымша |

| | | |
|---|---|---|
| | | ұсынады; шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі): есептік тіркеу туралы хабарлама; заңды тұлғаның органы бекіткен филиал (өкілдік) туралы ереженің электрондық көшірмесі; нотариалды түрде куәландырылған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен заңды тұлғаның органы филиалдың немесе өкілдіктің басшысына берген сенімхаттың электрондық көшірмесі; заңды тұлғаның филиал (өкілдік) құру туралы шешімінің электрондық көшірмесі ) қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырған аудармасымен;<br>сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірменің немесе Қазақстан Республикасында филиал (өкілдік) ашатын осы субъектінің өз елінің заңнамасы бойынша қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен заңды тұлға болып табылатынын куәландыратын басқа да жария етілген құжаттың электрондық көшірмесі; қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының электрондық көшірмесі;<br>шетелдік коммерциялық емес ұйымның филиалын (өкілдігін) есептік тіркегені үшін "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу немесе шетелдік коммерциялық ұйымның филиалы (өкілдігі) үшін Мемлекеттік корпорацияға төленгенін растайтын құжат.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген тіркеу алымын ( ЭҮТШ арқылы төлеген жағдайда) төлегенін растайтын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қызметті беруші мен Мемлекеттік корпорация қызметкері "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. |
| | | 1. Шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін мемлекеттік тіркеу;<br>2. Коммерциялық заңды тұлғаларды тіркеу;<br>3. Коммерциялық емес заңды тұлғаларды (саяси партияларды, діни бірлестіктерді, олардың филиалдары мен өкілдіктерін) тіркеу;<br>4. Филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу.<br>1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген заңды тұлғаны құру, тіркеу және қайта ұйымдастыру тәртібінің бұзылуы, құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келмеуі;<br>2) беру актісі немесе бөлу балансы ұсынылмаған не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқықтық мирасқорлығы туралы ережелер болмаған кезде;<br>3) егер заңды тұлға немесе заңды тұлғаның жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы) әрекетсіз заңды тұлға болып табылса;<br>4) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекетсіз заңды тұлғалардың жалғыз құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылса;<br>5) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері | байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілсе, мыналарды қоспағанда сот шешімі бойынша тәркіленген және ( немесе) өндіріп алынған акциялар (жарғылық капиталға қатысу үлестері) ;<br>6) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылса;<br>7) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлға хабар-ошарсыз кетті деп танылса, қайтыс болды деп жарияланса, қайтыс болды деп тіркелсе не оның мәртебесі айқындалмаса;<br>8) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы, мүшесі) және (немесе) басшысы болып табылатын жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190, 216, 218, 218-1, 235-1, 237, 238, 249, 365 баптары бойынша қылмыстары үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығы болса;<br>9) егер мемлекеттік тіркеу кезінде заңды тұлғаның құрылтайшысы ( жеке тұлғасы және (немесе) заңды тұлғасы), оның құрылтайшылары, заңды тұлғаның басшысы, заңды тұлғаның құрылтайшысы ( қатысушысы, мүшесі) болып табылатын заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы атқарушылық іс жүргізу жөніндегі борышкер болып табылатын адамды қоспағанда, атқарушылық құжат бойынша борышкерлер болып табылса мерзімдік төлемдерді өндіріп алу және үш айдан астам мерзімдік өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу бойынша берешегі жоқ;<br>10) жеке басын куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды ұсыну;<br>11) сот актілерінің және сот орындаушылары мен құқық |

| | | |
|---|---|---|
| | | қорғау органдарының қаулыларының (тыйымдарының, қамауға алуларының) болуы;<br>12) ұсынылмаған: Қазақстан Республикасының "Халықтың көші-қоны туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында коммерциялық ұйымды тіркеу құқығын растайтын құжаттың, сондай-ақ қазақ және орыс тілдеріне нотариалды түрде куәландырылған аудармасымен шетелдік құрылтайшының паспортының немесе жеке басын куәландыратын басқа құжаттың көшірмелері;<br>сауда тізілімінен жария етілген үзінді көшірмесі немесе құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатынын қазақ және орыс тілдеріне аудармасы нотариалды түрде куәландырылған басқа да жария етілген құжаттың көшірмелері";<br>13) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы;<br>егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе сот актісінде өзгеше белгіленбесе, тіркеу әрекеттері мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіз болған мән-жайлар жойылғанға дейін үзіледі, алайда үзіліс мерзімі бір айдан аспайды;<br>Егер бір ай ішінде мерзімнің үзілуіне негіз болған мән-жайлар жойылмаса, сарапшының (маманның) қорытындысын алуды қоспағанда, тіркеу іс-әрекеттерінен бас тартылады. |
| | | Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды "1414", 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.<br>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік порольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, одан әрі "цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдау қажет.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
9-қосымша

Нысан

(көрсетілетін қызметті
алушының тегі, аты, болған
жағдайда әкесінің
аты (бұдан әрі - Т.А.Ә.
(бар болған жағдайда)
не ұйымының атауы)

________________________
(көрсетілетін қызмет
алушының мекенжайы)

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

Мемлекеттік қызметтер Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде көзделген тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге ( мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесіне сәйкес көрсетілсін) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) ________________________________________________________;

2) ________________________________________________________;

3) ________________________________________________________;

Осы қолхат әрбір тарап үшін біреуден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)(Мемлекеттік корпорация қызметкері) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) _____________

Телефон __________

Алдым: Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) /____/ көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ жылғы "___" _________

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
10-қосымша

Нысан

**____________________________________________________ тіркеуш орган**

**Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама ______________________________________ _______________________ бизнес-сәйкестендіру нөмірі**

елді мекен 20__ жылғы "___"

Атауы: ____________________________________________________________

Орналасқан жері: _____________________________________________________

Анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгінін растайтын құжат болып табылады.

Тіркеу органының басшысы _____________ ____________________________

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

М.О.

Берілген күні

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге 11-қосымша

Нысан

**______________________________________________________ тіркеуш орган**

**Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу туралы анықтама _____________________ __________________ бизнес-сәйкестендіру нөмірі**

елді мекен 20__ жылғы "___"_____

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) атауы: __________________________

Заңды тұлғаның атауы: _______________________________________________

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) орналасқан жері: _________________

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден өткенін растайтың құжат болып табылады.

Тіркеу органының басшысы ______________________

______________________________

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

М.О.

Берілген күні

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге 12-қосымша

**Тіркеу алымдарының мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай алымдарды төлеу күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткішке ( бұдан әрі осы тараудың мәтіні бойынша – АЕК) еселенген мөлшерде айқындалады.**

| Р/с № | Тіркеу әрекеттерінің түрлері | Мөлшерлемелер (АЕК) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта | |

| | | |
|---|---|---|
| | ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін : | |
| 1.1) | заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін | 6,5 |
| 1.2) | саяси партияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін | 14 |
| 2. | . Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерді , қазыналық кәсіпорындарды, үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтерін және көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестіктерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын (оның ішінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) мемлекеттік тіркегені, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені ( қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін: | |
| 2.1) | мемлекеттік тіркегені, қызметтің тоқтатылуын тіркегені, есептік тіркегені, есептік тіркеуден шығарғаны үшін | 1 |
| 2.2) | қайта тіркегені үшін | 0,5 |
| 3. | Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарын есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін : | |
| | тіркегені үшін (оның ішінде Қазақстан Республикасының | |

| | | |
|---|---|---|
| 3.1) | заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) | 2 |
| 3.2) | қайта тіркегені, қызметтің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), есептік тіркеуден шығарғаны үшін | 1 |

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге
13-қосымша
Нысан

**Саяси партияны құру ниеті туралы хабарлама "__" __________ 20____ жыл № ______**

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Саяси партиялар туралы" Занының 6-бабына сәйкес біз төмендегі қол қойғандар, Комитетке саяси партияны құру туралы хабарлаймыз:

__________________________________________________________: болжамды атауы

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 1. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 2. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 3. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 4. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 5. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 6. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 7. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 8. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 9. _____________________________________;

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы) 10. ____________________________________;

Қосымша келесі құжаттар ұсынылады: _____________

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге
14-қосымша

Нысан

**Мүшелердің тізімі ______________________________________________ саяси партияның атауы ______________________________________________ Астана, Алматы және Шымкент қаласы, облыс**

| № р/с | Тегі, аты, әкесінің аты( болған жағдайда ) | Туылған жылы мен айы | ЖСН | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын анықтайтын құжаттың нөмірі | Тұрғылықты мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

________________________________________________________________

Тізімді жасауға тұлғаның тегі, аты және қолы (тізімнің әр беті тізімді жасауға тұлғаның қолымен бекітіледі)

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге
15-қосымша

Нысан

**Саяси партиясын құрушы ұйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтер**

"____" ________ 20__ жыл

| № | Тегі, аты, әкесінің аты ( болған жағдайда ) | Туылған айы, жылы | Жеке басын куәландыратын құжаттың немесе сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер | Тұрғылықты мекен-жайы, байланыс телефоны | Қолы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |
| 3. | | | | | |
| 4. | | | | | |
| 5. | | | | | |
| 6. | | | | | |
| 7. | | | | | |
| 8. | | | | | |
| 9. | | | | | |
| 10. | | | | | |

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін

қызмет ережеге
16-қосымша

## Құжаттардың ұсынғандығы туралы растау

Ескерту. 16-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Осымен, Комитет ұйымдастыру комитетінің уәкілетті өкілі ___________________________________________________________________________ ___________________________________________________________________________ тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) жеке басын анықтайтын құжаты: _________________________________________________ нөмірі, құжаттың берілген уақыты, кіммен берілген, ұсынған, ал тіркеуші орган "___" ______ 20___ жылы № ________ келесі құжаттарды қабылдап алғандығын растайды:

№ Құжаттың атауы Құжаттар ұсынылды

Қағаз тасымалда (парақтар саны) Электрондық тасымалда (файлдың аталуы)

1 хабарлама

2 Саяси партияны құрушы бастамашы топтың тізімі

3 ұйымдастыру комитетінің мүшелері туралы мәліметтер

4 ұйымдастыру комитеті жиналысының "____" _________ 20__ жылғы хаттамасы

Тіркеуші орган

5 Тіркеуші орган қызметкерінің лауазымы

6 Тегі

7 Аты

8 Әкесінің аты(болған жағдайда)

9 Байланыс телефоны

10 Қолы

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу, олардың филиалдары
мен өкілдіктерін есептік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
17-қосымша

Нысан

## Мүшелердің тізімі __________________________ саяси партияның атауы __________________ _____________________ Астана, Алматы және Шымкент қаласы, облыс

| № р/с | Тегі, аты, әкесінің аты(болған жағдайда) | Туылған жылы мен айы | Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын анықтайтын құжаттың нөмірі, ЖСН | Тұрғылықты мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

______________________________________________________________________

Тізімді жасауға тұлғаның тегі, аты және қолы (тізімнің әр беті тізімді жасауға тұлғаның қолымен бекітіледі)

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге 18-қосымша

Нысан

**Діни бірлестіктерді құратын бастамашы-азаматтардың тізімі ____________________________ ____________________________________________ діни бірлестіктердің атауы _____________ _________________________________________________________ облысы, Астана, Алматы және Шымкент қалалары**

| № | Тегі, аты, әкесінің аты | Туылған күні, айы және жылы | Қазақстан Республика азаматының жеке куәлік құжатты туралы мәлімет, ЖСН | Тұрғылықты мекен-жайы, үйдің және қызметтік телефонының нөмірі | Өз қолы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 мамырдағы № 66 бұйрығымен бекітілген

## "Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 821 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) Мемлекеттік қызметтер Заңына сәйкес әзірленді және "Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, мемлекеттік қайта тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеуді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет) және аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеуді "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, оның ішінде саяси партияларды, Республикалық нотариаттық палатаны, Республикалық адвокаттар алқасын, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасын, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасын, Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасын, Қазақстанның Төрелік палатасын, Республикалық Заң консультанттары алқасын мемлекеттік қайта тіркеуді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді Комитет жүргізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Құрылған, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді, жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, заңды тұлғалардың қорлары мен бірлестіктерін есептік тіркеуді, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

5. Коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.

6. Саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қоспағанда, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілген электрондық өтініштің, сондай-ақ Заңның 14-бабына сәйкес Министрлік айқындайтын тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілерінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-1. Электрондық нысанда мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік қызметтер Заңына сәйкес көрсетілген қызметті алушының жеке басын биометрикалық сәйкестендіру де жүргізілуі мүмкін.

Ескерту. Ереже 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 (07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар ( бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 1, 2, 3 және 4 - қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі-өтініш) және осы Қағидаларға 5 - қосымшаға сәйкес "Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік қайта тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі - Тізбесі) көзделген тізбесі бойынша құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптары тізбесінде келтірілген.

9. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін оны көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат бере отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

11. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

12. Осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері тізілімге сәйкес құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасына (бөліміне) жолдайды.

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны анықтайды және оған орындауға береді.

Орындаушы: ұсынылған құжаттардың дұрыс толтырылуын (ресімделуін) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексереді және бас тарту ( үзіліс туралы) үшін негіздер болмаған жағдайда заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу туралы бұйрықты ресімдейді, Ұлттық тізілімге мәліметтерді енгізеді, бизнес–сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу туралы анықтаманы ресімдейді, іс ресімделгеннен кейін (БСН берілгенін растайтын тиісті мөртабандар қойылғаннан кейін) құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасынан тұратын істі ресімдейді.

Орындаушы қарағаннан кейін бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу туралы анықтама не бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді бұйрық басшылыққа қол қоюға жіберіледі.

Басшылық қол қойған құжаттарды орындаушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне береді. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды курьер арқылы мемлекеттік корпорацияға береді немесе портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету құжаттар келіп түскен кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттар заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы Мемлекеттік корпорацияның тиісті бөлімшесіне жіберіледі.

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны анықтайды және оны орындауға береді.

Орындаушы: ұсынылған құжаттардың дұрыс толтырылуын (ресімделуін) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексереді және бас тарту ( үзіліс туралы) үшін негіздер болмаған жағдайда заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу туралы бұйрықты ресімдейді, Ұлттық тізілімге мәліметтерді енгізеді; бизнес–сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу туралы анықтаманы ресімдейді, іс ресімделгеннен кейін (БСН берілгенін растайтын тиісті мөртабандар қойылғаннан кейін) құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасынан тұратын істі ресімдейді.

Орындаушы қарағаннан кейін бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеу туралы

анықтама немесе бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді бұйрық басшылыққа қол қоюға жіберіледі.

Басшылық қол қойған құжаттарды орындаушы Мемлекеттік корпорацияның беру бөліміне береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке куәлігін немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) (не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

15. Порталда құжаттар ұсынылған жағдайда – "жеке кабинетке" шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша мемлекеттік (есептік) тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін үзіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін үзілуіне негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші себептерін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін бір айдан аспайтын мерзімге үзеді және құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Мемлекеттік тіркеуге үзіліс жасау туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған сәттен бастап құжатты берген сәтке дейін , бірақ қызмет көрсету мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдайды.

Үзіліс туралы бұйрықта көрсетілген ескертулер жойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті берушіге қайта жолдайды.

Егер бір ай ішінде тіркеуге үзіліс жасауға негіз болған мән-жайларды мемлекеттік қызметті алушы жоймаса, онда үзіліс мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді бұйрық шығарылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік қайта тіркеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші Заңның 11 -бабында көзделген мерзімдерде оған Тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жазбаша түрде мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші бір күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайды не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін үш күндік мерзімнен аз уақыт белгіленген қызметке тыңдау жүргізілмейді.

18. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызметтер Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

19. ЗТ МДҚ ақпараттық жүйесі істен шыққан жағдайда қызмет беруші " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор ақпараттық жүйенің істен шығу себептерін анықтау жөнінде шаралар қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама (акт) жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

## 3-тарау. Шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі көрсетілетін қызметті берушілерге және (немесе) олардың лауазымды адамдарына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша

20. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, іс-әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Мемлекеттік қызметтер Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

21. Шағымды қарауды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, онда сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік<br>қайта тіркеу, олардың<br>филиалдары мен өкілдіктерін<br>есептік қайта тіркеу"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызмет ережеге<br>1-қосымша

Нысан

**Заңды тұлғаны, филиалды (өкілдікті) мемлекеттік (есептік) қайта тіркеу туралы өтініш**

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға ____________________ 2) филиал _______________________

3) өкілдік ________________________________________________________________

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы ___________________________

_______________________________________________________________________

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)_____________________________________

4. Қайта тіркеудің негізі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) атауын өзгерту ______________________________________________________

2) жарғылық капитал мөлшерінің азаюы __________________________________

3) шаруашылық серіктестіктің қатысушылары құрамының өзгеруі (жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоспағанда) __________

5. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жері

Мекенжайдың тіркеу коды: ___________ Пошталық индексі: ________________

Облысы: _____________________

Қала, аудан, қаладағы ауданы: ___________________________________________

Елді мекен (ауыл, кенті):________________________________________________

Көше, шағын аудан, квартал, тұйық көше, даңғыл: _________________________

Үйдің нөмірі: _____ пәтер, бөлме: ________________________________________

Телефон нөмірі (факс) __________________________________________________

(жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып

7. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз, мөлшері сан түрінде):

1) заңды тұлға ______________ 2) жеке тұлға _________________________________

Заңды тұлғаның атауы ___________________________________________________

(БСН көрсете отырып)

Жарғылық капиталдағы үлесі % ______ Салым сомасы (мың теңге) ___________

Жеке тұлғаның Т. А.Ә. (болған жағдайда), ___________________________________

(жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып)

Жарғылық капиталдағы үлесі % _________ Үлес сомасы (мың теңге)__________

Егер құрылтайшылар біреуден көп болған жағдайда, олар туралы мәліметтер:

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып

(жеке тұлғалар үшін), БСН көрсете отырып (заңды тұлғалар үшін атауы), сонымен қатар олардың пайыз және ақшалай жарғылық капиталдағы үлесі жеке парақта өтінішке қоса беріледі.

8. Бенефициар (-лар) меншік иесі (-лері) туралы мәліметтер: азаматтығы, Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе бенефициарлық меншік иесіне тиесілі орналастырылған акциялардың мөлшері _______________

9. Экономикалық қызметтің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз: _____________
10. Жарғылық капиталдың мөлшері ________________________________________
11. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны ___________
12. Заңды тұлғаны қайта тіркеу негізі, қайта ұйымдастыру нәтижесінде туындайды (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):
1) иә ________________ 2) жоқ ____________________________________________
13. Қосылу жағдайында мынадай мәліметтерді көрсету қажет:
Қосылатын заңды тұлғалардың атаулары __________________________________
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) __________________________________________
14. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):
1) шағын кәсіпкерлік субъектісі _________________ 2) орта кәсіпкерлік субъектісі _
3) ірі кәсіпкерлік субъектісі _______________

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін____

Өтінішке:______________________________________________________
__________________________________________________ қоса беріледі.
20___ жылдың "____"________________
Өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), және қолы "___"______________
Ескерту:
БСН - бизнес сәйкестендіру номері
ЖСН - жеке сәйкестендіру номері
ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)
ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
қайта тіркеу, олардың
филиалдары мен өкілдіктерін
есептік қайта тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
2-қосымша

Нысан

**Қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын шаруашылық серіктестікті мемлекеттік қайта тіркеу туралы өтініш**

1. Заңды тұлғаның атауы ______________________________________________
2. Ұйымдық-құқықтық нысаны (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):
1) толық серіктестік ___ 3) жауапкершілігі шектеулі серіктестік _____
2) сенім серіктестігі __ 4) қосымша жауапкершілігі бар серіктестік
3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)____________________________________
4. Шаруашылық серіктестікті қайта тіркеудің негізі (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз):
1) атаудың өзгеруі ____________________________________________________
2) жарғылық капиталдың мөлшерінің азаюы ______________________________
3) шаруашылық серіктестікке қатысушылар құрамының өзгеруі
(Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың тізілімін жүргізуді орталық
депозитарий жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоспағанда) __
5. Заңды тұлғаның орналасқан жері:
Мекенжайдың тіркеу коды: ___________ Пошталық индексі: ________________
Облысы: ________________________
Заңды тұлғаның атауы: ____________________________________________________ ___

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) орналасқан жері: _______________________ ___

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның филиалын

(өкілдігін) есептік тіркеуден өткенін растайтың құжат болып табылады.

Тіркеу органының басшысы ___________________ ____________________________ _

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға)

М.О.

Берілген күні

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді есептік тіркеу
жөнінде мемлекеттік қызметтер
көрсету қағидаларын
бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін
атқарушының

2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 66 бұйрығымен
бекітілген

## "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсету ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 821 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) Мемлекеттік қызметтер Заңға сәйкес әзірленді және "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары ( өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды (бұдан әрі-мемлекеттік қызмет).

2. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру Комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары және "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, оның ішінде саяси партияларды, Республикалық нотариаттық палатаны, Республикалық адвокаттар алқасын, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасын, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасын, Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасын, Қазақстанның Төрелік палатасын, Республикалық Заң консультанттары алқасын, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін және жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік

қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуді Комитет жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, заңды тұлғалардың қорлары мен бірлестіктерін тіркеуді, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін және жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары ( өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

5. Коммерциялық ұйымдарға байланысты заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және олардың филиалдары мен өкілдіктерін және жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуді Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.

6. Саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қоспағанда, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу " Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілген электрондық өтініштің, сондай-ақ Заңның 14-бабына сәйкес Министрлік айқындайтын тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілерінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

7. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) өтініш береді (бұдан әрі-өтініш) осы Ережелерге 1 және 2 – қосымшаларға сәйкес нысан бойынша және Тізбесі бойынша құжаттар "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету ереженің 3-қосымшасына (бұдан әрі-тізбесі) сәйкес мемлекеттік корпорацияға немесе "Электрондық үкімет" веб-порталында: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі тізбесі талаптар тізбесі процесстің сипатын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін құрайтын мәліметтер мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып тізбесі көрсетілген.

9. Өтінішке, электрондық өтініш беруді қоспағанда, заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекемделген, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні қоса беріледі.

10. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу орналасқан жері өзгерген, жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайларда жүргізіледі.

11. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу және өзге де мәліметтерін өзгерту мен толықтырудың хабарлама тәртібі Портал арқылы көзделген.

12. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу деректеріне өзгерістер мен толықтырулар:

1) акционерлік қоғамды, филиалды (өкілдікті) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жері өзгерген;

2) басшы өзгерген (басшы тағайындалған, басшының міндетін атқарушы тағайындалған, заңды тұлғаның мүлкін және қызметін басқарушы тағайындалған, басшы лауазымынан шеттетілген);

3) Заңның 14-1-бабында көзделген талаптарды қоспағанда, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген;

4) жарғылық капиталдағы үлес сенімгерлік басқаруға берілген;

5) шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталы ұлғайған;

6) экономикалық қызметтің негізгі түрі өзгерген;

7) саяси партияларды қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдар құрылтайшыларының (қатысушыларының, мүшелерінің) құрамы өзгерген;

8) заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иесі өзгерген;

9) байланыс ақпараты өзгерген (телефон, электрондық пошта) кезде енгізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 (07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Заңның 14-2-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 4), 5), 6), 7), 8) және 9) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу деректеріне өзгерістер мен толықтырулар электрондық хабарлама негізінде автоматты режимде енгізіледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 (07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Осы Заңның 14-2-бабының бірінші бөлігінің 1), 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу деректеріне өзгерістер мен

осы бапта көзделген құжаттар қоса беріле отырып, электрондық хабарлама негізінде енгізіледі.

15. Акционерлік қоғамды, филиалды (өкілдікті) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жерін өзгерту жылжымайтын мүлік иесінің келісімімен электрондық цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырады.

16. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес елді мекендер атауының, көше аттарының өзгеру жағдайлары бұған кірмейді.

17. Жарғылық капиталдағы үлесті сенімгерлік басқаруға берген кезде, нотариат куәландырған сенімгерлік басқару шарты қосымша ұсынылады.

18. Коммерциялық емес ұйымдар құрылтайшыларының (қатысушыларының, мүшелерінің) құрамы өзгерген кезде, коммерциялық емес ұйымдар құрылтайшыларының (қатысушыларының, мүшелерінің) тізімі тегі, аты, әкесінің аты ( егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған күні, айы, жылы, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, байланыс телефонының нөмірі, жеке қолтаңбасы көрсетіле отырып, қосымша ұсынылады.

19. Заңды тұлғалар, филиалдар (өкілдіктер) құрылтай құжаттарына осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы тіркеуші органға құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде хабар береді.

20. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) тіркеу және өзге де мәліметтеріне өзгерістер мен толықтырулар электрондық хабарлама берілген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде енгізіледі.

21. Сот актілерінің, сот орындаушылары мен құқық қорғау органдары қаулыларының (тыйым салуларының, қамаққа алуларының) болуы, сондай-ақ Заңның 11-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 4-1), 5) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайлар , өтініш берушіге бұл туралы хабар бере отырып, электрондық хабарламаны орындамай қалдыру үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің м.а. 26.09.2024 № 811 (07.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Заңды тұлға, филиал (өкілдік) енгізілген мәліметтердің толықтығы және анықтығы үшін жауапты болады.

23. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін оны көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

24. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағиданың 9-тармағында көзделген тізбесіне сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы қағиданың 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

25. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

26. Осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету құжаттар келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері тізілімге сәйкес құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасына (бөліміне) жолдайды.

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны анықтайды және оған орындауға береді.

Орындаушы: ұсынылған құжаттардың дұрыс толтырылуын (ресімделуін) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігіне тексереді және бас тарту ( үзіліс) үшін негіздер болмаған жағдайда заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы мемлекеттік тіркеу туралы, филиалды ( өкілдікті) есептік тіркеу туралы бұйрықты ресімдейді, Ұлттық тізілімге мәліметтерді енгізеді, бизнес–сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік (қайта) тіркеу туралы анықтаманы ресімдейді, іс ресімделгеннен кейін (БСН берілгенін растайтын тиісті мөртабандар қойылғаннан кейін) құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасынан тұратын істі ресімдейді.

Орындаушы қарағаннан кейін бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік (қайта) тіркеу туралы анықтаманы не бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді бұйрық басшылыққа қол қоюға жіберіледі. Басшылық қол қойған құжаттарды орындаушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне береді не көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жіберіледі. Кеңсе қызметкері құжаттарды курьер арқылы Мемлекеттік корпорацияға береді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету құжаттар Мемлекеттік корпорацияға келіп түскен кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттар заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы Мемлекеттік корпорацияның тиісті бөлімшесіне жіберіледі.

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны анықтайды және оған орындауға береді.

Орындаушы: ұсынылған құжаттардың дұрыс толтырылуын (ресімделуін) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігіне тексереді және бас тарту ( үзіліс туралы) үшін негіздер болмаған жағдайда заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықты ресімдейді; Ұлттық тізілімге мәліметтерді енгізеді, бизнес–сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік (қайта) тіркеу туралы анықтаманы ресімдейді, іс ресімделгеннен кейін (БСН берілгенін растайтын тиісті мөртабандар қойылғаннан кейін) құрылтай және басқа құжаттардың бір-бір данасынан тұратын істі ресімдейді.

Орындаушы қарағаннан кейін бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (қайта) тіркеу туралы, филиалды (өкілдікті) есептік (қайта) тіркеу туралы анықтаманы не бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді бұйрық басшылыққа қол қоюға жіберіледі. Басшылық қол қойған құжаттарды орындаушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне береді не көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы жіберіледі. Кеңсе қызметкері құжаттарды курьер арқылы Мемлекеттік корпорацияға береді.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке куәлігін немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) (не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

29. Порталда құжаттар ұсынылған жағдайда – "жеке кабинетке" шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша мемлекеттік (есептік) тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін үзіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін үзілуіне негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші себептерін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін бір айдан аспайтын мерзімге үзеді және құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Мемлекеттік тіркеуге үзіліс жасау туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған сәттен бастап құжатты берген сәтке дейін , бірақ қызмет көрсету мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдайды.

Үзіліс туралы бұйрықта көрсетілген ескертулер жойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті берушіге қайта жолдайды.

Егер бір ай ішінде тіркеуге үзіліс жасауға негіз болған мән-жайларды мемлекеттік қызметті алушы жоймаса, онда үзіліс мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді бұйрық шығарылады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші Заңның 14-1-бабында көзделген мерзімдерде оған қағиданың 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді бұйрық береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші бір күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайды не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

32. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы, 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес анықталған уәкілетті органмен бекітілген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету сатысы туралы мәліметтердің

мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылаудың ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

33. "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясының ақпараттық жүйесі істен шыққан жағдайда, бір жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына (бұдан әрі - оператор ) хабарлайды.

Бұл жағдайда оператор техникалық ақаулар туралы хаттама жасайды және осы Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде көрсетілетін қызметті берушіге қол қояды.

**3-тарау. Шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі көрсетілетін қызметті берушілерге және (немесе) олардың лауазымды адамдарына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша**

34. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, іс-әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

35. Шағымды қарауды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға, егер ол үш жұмыс күні

ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, онда сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,
сондай-ақ акционерлік
қоғамның құрылтай
құжаттарына, олардың
филиалдары (өкілдіктері)
туралы ережелерге енгізілген
өзгерістер мен толықтыруларды
мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет ережеге
1-қосымша

Нысан

**Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік (есептік) тіркеу туралы өтініш**

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға _____________ 2) филиал __________ 3) өкілдік ________

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы ________ _____________________ ___

3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) _________________

4. Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізудің негіздемесі

(тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз)

1) мекен жайының өзгеруі _____________________________

2) жарғыны (ережені) жаңа редакцияда бекіту ___________

5. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жері

Пошталық индексі: ______________ Облысы: ___________________________

Қала, аудан, қаладағы аудан: __________________________

Елді мекен (ауыл, кенті): ______________________________

Көше, шағынаудан, орам, тұйық көше, даңғыл: __________________________

Үйдің нөмірі _________, пәтер, бөлме: ________________

телефон нөмірі (факс): ________________________________

6. Басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ___________________________________ __

(жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып)

7. Бенефициар(-лар) меншік иесі(-лері) туралы мәліметтер: азаматтығы,Т.А.Ә.

(бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН, заңды

тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе бенефициарлық меншік иесіне тиесілі орналастырылған акциялардың мөлшері

___________________________________________________________________________

8. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз, сандық көрсеткіште):

1) заңды тұлға _____________ 2) жеке тұлға______________

Заңды тұлғаның атауы _____________________________________________________

(БСН көрсете отырып)

Жарғылық капиталдың үлесі % ________ Үлес соммасы (мың теңге) _______

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)________________________________

(жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып)

Жарғылық капиталдың үлесі % _________ Үлес соммасы (мың теңге) ______

Егер құрылтайшылары біреуден көп болса олар жөнінде мәлімет: Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып(жеке тұлға үшін), атауы және БСН (заңды тұлға үшін), сондай-ақ олардың жарғылыққапиталдағы үлесі пайыздық және ақшалай түрде көрсетіле отырып, өтінішке қосымшабөлек парақта қоса беріледі.

9. Экономикалық қызметтің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз: _______________

10. Жарғылық капиталдың мөлшері ___________________

11. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін (шамамен) саны __________

12. Өзгерістер енгізу негіздемесі қайта ұйымдастыру нәтижесінде туындады (тиісті ұяшыққа х деп көрсетіңіз):

1) иә _______________________ 2) жоқ______________

13. Қосылу жағдайында мынадай мәліметтерді көрсету қажет:

қосылатын заңды тұлғалардың атауы _________________________________________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)____________________

14. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшыққа х деп көрсетіңіз):

1) орта кәсіпкерлік субъектісі _________________________

2) ірі кәсіпкерлік субъектісі __________________________

Ақпараттық жүйеде занмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін________________

Өтінішке:

_______________________________________________________________ қоса беріледі.

20 жылдың "___" ________________

Өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы қойылады.

Ескерту:

БСН - бизнес сәйкестендіру номері

ЖСН - жеке сәйкестендіру номері

ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)

ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,
сондай-ақ акционерлік
қоғамның құрылтай
құжаттарына, олардың
филиалдары (өкілдіктері)
туралы ережелерге енгізілген
өзгерістер мен толықтыруларды
мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет ережеге
2-қосымша

Нысан

**Қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын акционерлік қоғамның енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш**

1. Тіркелетін акционерлік қоғамның атауы _______________________________________

2. Құрамына шетел инвесторларының қатысуы (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):

1) иә ________________ 2) жоқ ________________

3. Заңды тұлға еншілес ұйым болып табылады (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):

1) иә _________________ 2) жоқ _______________

4. Құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізудің негіздемесі (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):

1) мекен жайының өзгеруі______________________________

5. Акционерлік қоғамның мекен жайы

Пошталық индексі: _________________________

Облысы: _______________________________

Қала, аудан, қаладағы аудан: ____________________________

Елді мекен (ауыл, кент): ________________________________

Көше, шағынаудан, орам, тұйық көше даңғыл:_______________________________
йдің нөмірі ______________, пәтер, бөлме: ___________
телефон нөмірі (факс): ________________________
6. Басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ___________________________________
__
(жеке куәлігінің және ЖСН деректерін көрсете отырып)
7. Бенефициар(-лар) меншік иесі(-лері) туралы мәліметтер: азаматтығы,Т.А.Ә.(бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, ЖСН, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі немесе бенефициарлық меншік иесіне тиесілі орналастырылған акциялардың мөлшері
_________________________________________________________________________
__
8. Экономикалық қызметтің негізгі түрінің кодын көрсетіңіз: _________
9. Жарғылық капиталының мөлшері____________________
10. Құрылтайшылардың құрамы және саны (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз, санын цифрлық көрсеткіште):
1) заңды тұлға ___________ 2) жеке тұлға _________
11. Артықшылығы бар акция бойынша дивидендтің кепілді мөлшерін көрсетіңіз:
_________________________________________________________________________
__
(бекітілген көрсеткіште немесе оның мәні қол жетімді және жүйелі болған жағдайда қандай да бір көрсеткішке қатысты индекстелгенін)
12. Артықшылығы бар акциялар бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігін көрсетіңіз: _______________________
13. Міндетті жариялануға жататын ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын, уәкілетті
орган айқындаған бұқаралық ақпарат құралдарынкөрсетіңіз: ____________________
_
14. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелерінің саны ___________________________
_
15. Қоғамды басқару мүшелерінің саны ______________
16. Жұмыспен қамтылатын адамдардың күтілетін саны (шамамен) _______
17. Жеке кәсіпкерлік субъектісі (тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):
1) орта кәсіпкерлік субъектісі ___________________
2) ірі кәсіпкерлік субъектісі__________________________
18. Заңды тұлғаның құрылуына қайта ұйымдастыру негіз болды(тиісті ұяшыққа х түрінде көрсетіңіз):
1) қайта құру _____________ 2) бірігу ________________
3) бөлініп шығу _________ 4) бөліну ________________

5) қосылу ________________________________

19. Қайта құруға қатысатын заңды тұлғалардың саны _______

20. Қайта құрылған жағдайда мына мәліметтерді көрсету қажет:

Заңды тұлғаның бұрынғы атауы ______________________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)___________________

21. Біріккен жағдайда мына мәліметтерді көрсету қажет:

Бірігуге қатысатын заңды тұлғалардың атауы __________________________________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)__________________

22. Бөлініп шығу жағдайында мына мәліметтерді көрсету қажет:

Жаңа заңды тұлға бөлініп шыққан, жұмыс істеп тұрған заңды тұлғаның атауы ________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)__________________

23. Бөлінген жағдайда мына мәліметтерді көрсету қажет:

Заңды тұлғаның негізінде құрылған заңды тұлғалардың атауы _____________________________________________

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН)___________________

Ақпараттық жүйеде занмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін _______________

Өтінішке:

_____________________________________________________________ коса беріледі.

20___ жылдың "___" ______________

__________________________________________________

Басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы қойылады.

Ескерту:

БСН - бизнес сәйкестендіру номері

ЖСН - жеке сәйкестендіру номері

ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)

ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,

сондай-ақ акционерлік
қоғамның құрылтай
құжаттарына, олардың
филиалдары (өкілдіктері)
туралы ережелерге енгізілген
өзгерістер мен толықтыруларды
мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
қағидаларына
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда.<br>2. Жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайда. | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | 1. Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда - Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкіметтің" веб-порталы;<br>2. Жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданғанда - Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкіметтің" веб-порталы. |
| | | Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда;<br>Жарғы (ереже) жаңа редакцияда қабылданған жағдайда;<br>1) Мемлекеттік корпорация:<br>Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, сондай-ақ үлгілік болып табылмайтын жарғының негізінде қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күнінен кейін бес жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі. |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | Республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, оның ішінде шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерінің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды есептік тіркеу қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізіледі.<br>қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.<br>2) Порталда:<br>Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда;<br>заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті берген сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.<br>Көрсетілген қызметті алушының көрсетілген қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут;<br>Көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу:<br>1. Орналасқан жерін өзгерткен жағдайда - электронды (толық автоматтандырылған)/ қағаз түрінде;<br>2. Жарғыны (ережені) жаңа редакцияда қабылдау - электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде. |
| | | осы Тізбеге 1-2 қосымшаларға сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама не осы Тізбесінің 9-тармағында көрсетілген жағдай мен негіздерде мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту.<br>Порталға жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы ірі және орта кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғалар үшін мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі не бас тарту туралы жауап жолданады. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс графигі | 1. Комитет және аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.<br>Қабылдау көрсетілетін қызмет алушының таңдауы бойынша "электрондық" кезек тәртібімен |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсетіледі, электрондық кезек портал арқылы брондалуы мүмкін.<br>3. портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Мемлекеттік корпорацияда:<br>осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік паролді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.<br>заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекітілген, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді көшірме.<br>өзгерістер және толықтырулармен енгізілген электрондық нұсқадағы құрылтайшы құжат не жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) заңды тұлғаның мерімен бекітілген құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтіні; |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін қажетті құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | Саяси партиялар мен діни бірлестіктер енгізілген өзгерістері және толықтырулары мен құрылтай құжаттарының екі данасын не саяси партиялар мен діни бірлестіктердің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтінін ұсынады;<br>енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен нотариалды түрде куәландырған жарғы (ереже ) не акционерлік қоғамның жарғысына, филиал (өкілдік) туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәтінінің бір данасы.<br>нақты орналасқан жерін ( орналасқан жері өзгерген жағдайда) растайтын құжаттар.<br>Егер де ғимараттың иесі өзі заңды тұлға болған жағдайда, орналасқан жерін растайтын құжаттар талап етілмейді.<br>Егер де ғимараттың иесі жеке тұлға болған жағдайда, жеке тұлғаның ғимаратты заңды тұлғаға орналасу жері ретінде бергені туралы нотариалды куәландырған келісімі қажет.<br>Заңды тұлғаның, филиалдың ( өкілдіктің) тіркеу және өзге де мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар хабарлама тәртібі бойынша:<br>Акционерлік қоғамды, филиалды ( өкілдікті) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлға орналасқан жерін өзгерту кезінде жылжымайтын мүлік иесінің келісімімен ЭЦҚ арқылы жүзеге асырылады.<br>филиалдың (өкілдіктің) ( қатысушыларының, мүшелерінің) құрамын өзгерту кезінде олардың тегі,аты, әкесінің аты (егер ол құжатта көрсетілген болса), күні, айы, туған жылы, жеке сәйкестендіру нөмірі, тұрғылықты жері, байланыс телефоны, жеке қолы көрсетілген коммерциялық емес ұйым құрылтайшыларының ( қатысушыларының, мүшелерінің) тізімі қосымша ұсынылады |

| | | |
|---|---|---|
| | | "электрондық үкімет" порталында орналасқан жерін өзгерту кезінде:<br>1. осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2. нақты орналасқан жері ( орналасқан жері өзгерген жағдайда) расталған құжаттың электрондық көшірмесі.<br>Орналасқан жері өзгеретін жағдайда, өкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен қосымшаларды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш беріледі. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1. заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына, филиал (өкілдік) туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібінің бұзылуы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, сондай-ақ " Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабында белгіленген құрылтай құжаттарының ( ереженің) келмеуі;<br>2. жеке басшы куәландыратын жоғалған және (немесе) жарамсыз құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған анық емес құжаттарды және (немесе) оларда қамтылған деректерді (мәліметтерді) ұсыну;<br>3. сот орындаушылардың және құқық қорғау органдарының сот актілері мен қаулыларының ( тыйым салуларының, қамауға алуларының), оның ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу туралы сот шешімдерінің (үкімдерінің), сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты көрсетілетін қызметті алушының арнайы құқықтан айырылуына негіз болған сот шешімдерінің болуы негіз болып табылады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 4. көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан мүмкіндігі бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері "1414", 8 800 080 777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасау арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.<br>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік паролді пайдалана отырып, мобилді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8- |

| | | |
|---|---|---|
| | | 800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың 4-қосымша

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20 -бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде көзделген тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесіне сәйкес көрсетілсін) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) ____________________________________________________________;

2) ____________________________________________________________;

3) ____________________________________________________________;

Осы қолхат әрбір тарап үшін біреуден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)(Мемлекеттік корпорация қызметкері) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) _____________

Телефон __________

Алдым: Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) /____/ көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ жылғы "___" _________

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік филиалдары (өкілдіктері) туралы ережелерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге қоғамның құрылтай құжаттарына, олардың 5-қосымша

**Тіркеу органы ____________**

**Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Анықтама ______________________ ________________________________________ бизнес-сәйкестендіру нөмірі**

| | |
|---|---|
| елді мекен | 20__ жылғы "___" ______________ |

Атауы: _______________________________________________________________________
__

Орналасқан жері: ______________________________________________________________
___

Анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгінін растайтын құжат болып табылады.

Тіркеу органының басшысы ____________ ______________________________

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға)

М.О.

Берілген күні

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,
сондай-ақ акционерлік
қоғамның құрылтай
құжаттарына, олардың
филиалдары (өкілдіктері)
туралы ережелерге енгізілген
өзгерістер мен толықтыруларды
мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет ережеге
6-қосымша

Нысан

**Тіркеу органы**

**Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеуі) туралы Анықтама ______ _____________________ бизнес-сәйкестендіру нөмірі**

_______________ елді мекен 20__ жылғы "___" ______

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) атауы: ___________________________________
___

Заңды тұлғаның атауы: _________________________________________________________
___

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) орналасқан жері: ________________________
___

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның филиалын

(өкілдігін) есептік тіркеуден өткенін растайтың құжат болып табылады.

Тіркеу органының басшысы ____________________ ___________________________

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға)

М.О.

Берілген күні

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді есептік тіркеу
жөнінде мемлекеттік қызметтер
көрсету қағидаларын
бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 66 бұйрығымен
бекітілген

## "Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік қызметтің көрсету ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 821 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік қызмет көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңға сәйкес әзірленді және және "Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығаруды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет) және аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

Коммерциялық ұйымдар болып табылатын Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығаруды "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) жүзеге асырады (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Заңды тұлғаның, республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, оның ішінде саяси партиялардың, Республикалық нотариаттық

палатаның, Республикалық адвокаттар алқасының, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасының, Қазақстанның Төрелік палатасының, Республикалық Заң консультанттары алқасының қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеуді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуден шығаруды Комитет жүргізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығаруды, жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, заңды тұлғалардың қорлары мен бірлестіктерін, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

5. Коммерциялық ұйымдарға жататын заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығаруды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады .

6. Саяси партиялар мен діни бірлестіктерді қоспағанда, заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы берілген электрондық өтініштің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі айқындайтын тәртіппен екінші деңгейдегі банктердің ақпараттандыру объектілерінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметі мынадай: бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру үшін тіркеуші органға заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен өтініш білдірмеген; салық төлеушілер ретінде мемлекеттік кіріс органдарында тіркелмеген шарттарға бір мезгілде сәйкес келген кезде мәжбүрлеп тәртіппен тоқтатылуға жатады. Мәжбүрлеу тәртібімен қызметін тоқтату заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі. Заңды тұлғалардың Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару заңды күшіне енген мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-бөлім. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

8. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі – қызмет алушы) қызмет берушінің орналасу мекенжайы бойынша Мемлекеттік корпорацияға немесе "электронды үкіметтің" www.egov.kz веб-порталына (бұдан әрі – портал) осы Қағидаларға берілген 1-қосымшаға сәйкес өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға берілген 2-қосымшаға сәйкес "Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбесі) қарастырылған тізім бойынша құжаттар жинағын ұсынады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі келтірілген.

10. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған мәліметтермен салыстырып тексереді, содан кейін оны көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

11. Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын және ( немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат бере отырып, құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

12. Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

13. Осы Қағидалардың 3 және 4-тармақтарына сәйкес құжаттар келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері тізілімге сәйкес құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасына (бөліміне) жолдайды.

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны анықтайды және оған орындауға береді.

Орындаушы: Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тарату тәртібінің сақталуын тексереді және бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда Ұлттық тізілімге заңды тұлғаны тарату (үзіліс туралы) туралы мәліметтерді енгізеді; заңды тұлғаның (филиалдың және өкілдіктің) қызметін тоқтатуды тіркеу, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (куәліктің) күшін жою және оны Ұлттық тізілімнен шығару туралы бұйрық шығарады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Орындаушы қарағаннан кейін заңды тұлға (филиал және өкілдік) қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы бұйрық немесе бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді бұйрық басшылыққа қол қоюға жіберіледі.

Басшылық қол қойған құжаттарды орындаушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне береді. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды курьер арқылы Мемлекеттік корпорацияға береді немесе портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік корпорацияға осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес құжаттар келіп түскен кезде қызметкер құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және Мемлекеттік корпорацияның заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы тиісті бөлімшесіне тізілім бойынша табыстайды.

Заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минуттың ішінде атқарушыны анықтайды және оған орындауға табыстайды.

Орындаушы: Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тарату тәртібінің сақталуын тексереді және бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда Ұлттық тізілімге заңды тұлғаны тарату (үзіліс туралы) туралы мәліметтерді енгізеді; заңды тұлғаның (филиалдың және өкілдіктің) қызметін тоқтатуды тіркеу, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (куәліктің) күшін жою және оны Ұлттық тізілімнен шығару туралы бұйрық шығарады.

Орындаушы қарағаннан кейін заңды тұлға (филиал және өкілдік) қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы бұйрық немесе бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді бұйрық басшылыққа қол қоюға жіберіледі.

Басшылық қол қойған құжаттарды орындаушы Мемлекеттік корпорацияның беру бөліміне береді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке куәлігін немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін) (не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжаттың негізінде әрекет ететін оның өкілі, онда өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетіледі) көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

17. Порталда құжаттар ұсынылған жағдайда – "жеке кабинетке" шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама

не көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту (үзіліс туралы) туралы дәлелді жауап жіберіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша мемлекеттік (есептік) тіркеу мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін үзіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін үзілуіне негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші себептерін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін бір айдан аспайтын мерзімге үзеді және құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Мемлекеттік тіркеуге үзіліс жасау туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған сәттен бастап құжатты берген сәтке дейін , бірақ қызмет көрсету мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдайды.

Үзіліс туралы бұйрықта көрсетілген ескертулер жойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті берушіге қайта жолдайды.

Егер бір ай ішінде тіркеуге үзіліс жасауға негіз болған мән-жайларды мемлекеттік қызметті алушы жоймаса, онда үзіліс мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылуы туралы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді бұйрық шығарылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 13.07.2023 № 479 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден, филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші Заңның 16-бабында көзделген мерзімдерде оған тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша жазбаша түрде мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды береді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы шешім шығарған кезде көрсетілетін қызметті беруші бір күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыны мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдайды не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

20. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызметтер Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

21. ЗТ МДҚ ақпараттық жүйесі істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор ақпараттық жүйенің істен шығу себептерін анықтау жөнінде шаралар қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама (акт) жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

**3-бөлім. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

22. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, іс-әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

23. Шағымды қарауды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, онда сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлға қызметінің
тоқтатылуын мемлекеттік
тіркеу, филиал мен
өкілдік есептік тіркеуден
шығару" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет ережеге
1-қосымша

Нысан

**Заңды тұлға, филиал (өкілдік) қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы өтініш**

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)
1) заңды тұлға _________________ 2) филиал ___________________
3) өкілдік_______________________
2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы _____________________________
__
3. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) (болмаған жағдайда тіркеу нөмірі) ________
4. Қызметті тоқтату негіздемесі мынаның нәтижесінде туындады (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)
1) тарату _______ 2) қосылу арқылы қайта ұйымдастыру ________________
5. Заңды тұлға, филиал (өкілдік) қызметінің тоқтатылу (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)
1) ерікті _______________ 2) мәжбүрлі _______________________________
6. Заңды тұлға, филиал (өкілдік) қызметінің тоқтатылуы туралы хабарландыру жарияланған баспа органының атауы, нөмірі және жариялану күні _______________
__
7. Заңды тұлғаның филиалдары (өкілдіктері) туралы мәліметтер (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)
1) иә ____________________________ 2) жоқ____________________________
Өтінішке:

_______________________________________________________ қоса беріледі

Өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін ____

20__ жылғы "___" _____________ (қолы)

Ескерту:

БСН - бизнес сәйкестендіру номері

ЖСН - жеке сәйкестендіру номері

ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)

ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Заңды тұлға қызметінің
тоқтатылуын мемлекеттік
тіркеу, филиал мен өкілдік
есептік тіркеуден шығару"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| "Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару " мемлекеттік қызметінің тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтатылған;<br>2. Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын тіркеу арқылы жүзеге асырылады;<br>3. Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі;<br>4. Заңды тұлғаның таратылғанн растайтын құжаттың көшірмесін беру;<br>5. Заңды тұлғаны алдағы уақытта тарату туралы өтініштерді қабылда | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті ( бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация |
| | | 1. Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтатылған - Мемлекеттік корпорация, " |

| | | |
|---|---|---|
| | | электрондық үкіметтің" веб-порталы;<br>2. Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын тіркеу арқылы жүзеге асырылады - Мемлекеттік корпорация;<br>3. Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі - Мемлекеттік корпорация. |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | |
| | | Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару қажетті құжаттарды қоса бере отырып, заңды тұлғаны таратуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.<br>Заңды тұлғаның, республикалық және өңірлік мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктердің, оның ішінде қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеуді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуден шығаруды қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері бойынша бес жұмыс күннен кешіктірмей жүргізіледі.<br>қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейін көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жерінен тыс он жұмыс күннен кешіктірілмей жүргізіледі.<br>Құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, оларда кемшіліктер болған, құрылтай құжаттары бойынша сарапшының (маманның ) қорытындысын алу қажет болған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де негіздер бойынша заңды тұлғалардың қызметін тоқтатуды |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | мемлекеттік тіркеу, филиалдарды (өкілдіктерді) есептік тіркеуден шығару мерзімі анықталған кемшіліктер жойылғанға немесе тиісті қорытынды (сараптама) алынғанға дейін үзіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін үзуге негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатады. Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны үзілістің себептері мен мерзімін көрсете отырып хабардар етеді. Мемлекеттік тіркеуге үзіліс жасау туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған сәттен бастап құжатты берген сәтке дейін, бірақ қызмет көрсету мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдайды. Егер бір ай ішінде тіркеуге үзіліс жасауға негіз болған мән-жайлар жойылмаса, онда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама үзіліс мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей шығарылады.<br>Көрсетілген қызметті алушының көрсетілген қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут;<br>Көрсетілген қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару:<br>1. Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтатылған - электронды (толық автоматтандырылған)/ қағаз түрінде;<br>2. Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын тіркеу арқылы жүзеге асырылады - қағаз түрінде; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3. Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі - қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу туралы немесе филиал мен өкілдікті есептік тіркеуден шығару туралы бұйрық немесе осы қосымшаның 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Порталда құжаттарды тапсырған кезде – "жеке кабинетке" шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жіберіледі. |
| | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем | Коммерциялық емес ұйымдарға мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін тіркеу алымы белгіленген. Тіркеу алымының сомасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес ставкалар бойынша есептеледі және салық салу объектісінің тіркелген жері бойынша тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді. "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның 10-бабына сәйкес коммерциялық ұйымдар мен олардың филиалдары мен өкілдіктерінің мемлекеттік қызметін көрсеткені үшін "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Заңның 10-бабына сәйкес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу саласындағы тауарлардың (жұмыстардың, |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | көрсетілетін қызметтердің) бағаларына сәйкес төлем алынады . Мемлекеттік қызмет шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлғаларға ақылы көрсетіледі.<br>Мемлекеттік қызметті алуға электрондық сұрау салу портал арқылы берілген жағдайда, төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.<br>Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерін қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарын есептік тіркеуден шығарғаны үшін заңнамаға сәйкес төлеуден босатылады. |
| | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және | 1. Комитет және оның аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі – Еңбек Кодексі) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | ақпарат объектілерінің жұмыс графигін | алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.<br>Көрсетілетін қызметті берушінің/ Мемлекеттік корпорацияның қызмет көрсету шарттары: мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз, "электрондық" кезек тәртібімен көрсетіледі, электрондық кезек портал арқылы брондалады.<br>3. портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | Мемлекеттік корпорацияға:<br>Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтату:<br>1. осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтатылуын тіркеу туралы өтініш;<br>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда, іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы алады.<br>Үлесіне мемлекет қатысатын заңды тұлға тізілім ұстаушының белгісі бар өтінішті ұсынады. заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не |

| | | |
|---|---|---|
| | | заңды тұлғаның мөрімен бекітілген құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі. Егер заңды тұлға Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылса, құжаттарды мөрмен бекіту талап етілмейді.<br>2. заңды тұлға мүлкінің меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не заңды тұлғаның мөрімен бекітілген құрылтай құжаттарымен уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі. Егер заңды тұлға Жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылса, құжаттарды мөрмен бекіту талап етілмейді;<br>3. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында заңды тұлғаны тарату, кредиторлардың талаптарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімдері туралы ақпараттың жарияланғанын растайтын құжат;<br>4. төленгенін растайтын құжат; тіркеу алымының бюджетке қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін заңды тұлға болып табылатын коммерциялық емес ұйым;<br>5. шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларды қоспағанда, коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына төленгенін растайтын құжат.<br>Заңды тұлғаның таратылуын мемлекеттік тіркеу туралы өтініш заңды тұлғаның таратылуы туралы ақпарат жарияланған күннен бастап екі ай өткеннен кейін тіркеуші органға ұсынылады .<br>Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| | | кәсіпорын қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін сатып алушы:<br>1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті;<br>2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің (жергілікті атқарушы органның) мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы шешімін;<br>3. мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесін;<br>4. мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесін;<br>5. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені немесе филиалды ( өкілдікті) есептік тіркегені үшін ақы төленгенін растайтын құжатты ұсынады.<br>Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату органның өтініші бойынша сот тәртібімен жүргізіледі:<br>Өзіне қатысты сот заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу заңды күшіне енген осындай шешім негізінде жүзеге асырылады.<br>Мүліктік кешен ретінде жекешелендірілген мемлекеттік кәсіпорынның қызметін тоқтатуды мемлекеттік тіркеу үшін сатып алушы мынадай құжаттарды ұсынады:<br>1. осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;<br>2. мемлекеттік кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің ( Жергілікті атқарушы органның) шешімі;<br>3. мемлекеттік кәсіпорынның мүліктік кешенін сатып алу-сату шартының көшірмесі; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін | 4. мемлекеттік кәсіпорынның тапсыру актісінің көшірмесі;<br>5. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркегені немесе филиалды ( өкілдікті) есептік тіркегені үшін төленгенін растайтын құжат.<br>Тіркеуші орган заңды тұлғаны тарату туралы шешімді алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тарату тәртібінің сақталуын тексереді, заңды тұлғаны тарату туралы мәліметтерді бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізеді.<br>Мемлекеттік кіріс органдары бизнес-сәйкестендіру нөмірлері Ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде қызметін тоқтататын заңды тұлға бойынша Мемлекеттік кіріс органдарында есепке алу жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді табыс етеді не мұндай заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндеттемелерді орындамаған жағдайда берешек туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартады, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы " Қазақстан Республикасының Код ексінде (Салық Кодексі) және " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады. Егер тексеру процесінде тарату тәртібінің бұзылуы анықталмаса, тіркеуші орган қажетті құжаттарды қоса бере отырып, заңды тұлғаны таратуды мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркейді. Табиғи монополия субъектісі қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді тіркеуші орган Табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | уәкілетті органның алдын ала келісімімен жүзеге асырады.<br>Заңды тұлғаны тарату тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден алынбаған филиалдары ( өкілдіктері), есепке алу Мемлекеттік кіріс органдарында жүргізілетін берешегі болған не мемлекеттік кіріс органдары берешек туралы көрсетілген мәліметтерді беруден бас тартқан, осындай заңды тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндеттемелерді орындамаған жағдайларда, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден алынбаған филиалдары (өкілдіктері) мемлекеттік кіріс органдарында есепке алынады, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық Кодексі) және " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған жағдайларда тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады.<br>Филиал (өкілдік) келесілердің негізінде есептік тіркеуден шығарылуы тиіс:<br>1. осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2. акционерлік қоғамдарды қоспағанда, филиал (өкілдік) туралы ереже;<br>3. коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару үшін бюджетке тіркеу алымының төленгенін растайтын құжат;<br>4. коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығарғаны үшін “ Азаматтарға арналған үкімет” | |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік корпорациясына төлегенін растайтын құжат.<br>Мемлекеттік кіріс органдары бизнес-сәйкестендіру нөмірлері Ұлттық тізілімінің мәліметтері негізінде қызметін тоқтататын шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) бойынша Мемлекеттік кіріс органдарында есепке алу жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ұсынады не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) қызметін тоқтататын шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) қызметін тоқтататын филиалы ( өкілдігі) бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда берешегі туралы көрсетілген мәліметтерді беруден бас тартады, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Коде ксінде (Салық Кодексі) және “ Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы” Қазақстан Республикасының Коде ксінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.<br>Сот борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім шығарған заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден шығару банкроттық рәсімін аяқтау туралы заңды күшіне енген сот ұйғарымының негізінде жүзеге асырылады.<br>Сот заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату туралы шешім шығарған заңды тұлғаның филиалын ( өкілдігін) есептік тіркеуден шығару заңды күшіне енген осындай шешім негізінде жүзеге асырылады.<br>Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) қызметін тоқтату тәртібінің бұзылуы анықталған кезде, сондай-ақ мемлекеттік кіріс органдарында есепке алу |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жүргізілетін берешегі болған не шетелдік заңды тұлғаның мұндай филиалы (өкілдігі) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндеттемелерді орындамаған жағдайда Мемлекеттік кіріс органдары берешек туралы көрсетілген мәліметтерді беруден бас тартқан жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) қызметін тоқтату тәртібін бұзушылықтар анықталған, " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы " Қазақстан Республикасының Код ексінде (Салық Кодексі) және " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған тәртіппен тіркеуші орган филиалды (өкілдікті) есептік тіркеуден шығарудан бас тарту туралы шешім шығарады.<br>"электрондық үкіметтің" веб-порталы:<br>Заңды тұлғаның қызметі тарату негізі бойынша тоқтатуды мемлекеттік тіркеу үшін осы Тізбесінің 9-тармағында көзделген құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, электрондық құжат нысанында толтыру және “электрондық үкіметтің” төлем шлюзі арқылы тіркеу алымын төлеу арқылы заңды тұлғаның, филиалдың немесе өкілдіктің қызметін тоқтату туралы өтініш беріледі.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттары туралы, көрсетілетін қызметті алушымен тіркеу аламын төлегенін растайтын құжаты жөніндегі (егер ЭҮШП арқылы төленген жағдайда), Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация қызметкері тиісті мемлекеттік | |

| | | |
|---|---|---|
| | | ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады. |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді қамтитын, мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі бар қосымшаны | 1. заңды тұлғаны (филиалды немесе өкілдікті, сондай-ақ таратылатын заңды тұлғаның есептік тіркеуден алынбаған филиалдары (өкілдіктері) болған жағдайларда тарату тәртібін бұзу;<br>2. салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы не мемлекеттік кіріс органдары мұндай заңды тұлға (шетелдік заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі) Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген тәртіппен салық міндеттемесін орындамаған жағдайда берешек туралы аталған мәліметтерді беруден бас тартуы.<br>3. мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігін анықтау;<br>4. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұрау салуға уәкілетті мемлекеттік органның теріс жауабы, сондай-ақ сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;<br>5. егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты мемлекеттік қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болса;<br>6. көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 7. егер көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылған заңды күшіне енген сот шешімі болса. |
| 10 | Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Заңнамада белгіленген тәртіппен өзіне-өзі қызмет көрсету, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану, қабілетін толық немесе ішінара жоғалту мүмкіндігі бар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорация қызметкері "1414", 8 800 080 777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы өтініш жасау арқылы тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.<br>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобилді қосымшада авторландырылған пайдаланушылар үшін қолжетімді Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік паролді пайдалана отырып, мобилді қосымшада авторландырудан өту, одан әрі " цифрлық құжаттар" бөліміне өтіп, қажетті құжатты таңдау қажет. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

"Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу, филиал мен өкілдік

есептік тіркеуден шығару"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
4-қосымша

**Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20 -бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының №__ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет Тізбесінде көзделген тізбесіне сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесіне сәйкес көрсетілсін) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

1) ____________________________________________________________;

2) ____________________________________________________________;

3) ____________________________________________________________;

Осы қолхат әрбір тарап үшін біреуден 2 данада жасалды.

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)(Мемлекеттік корпорация қызметкері) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) _____________

Телефон __________

Алдым: Т.А.Ә.(бар болған жағдайда) /____/ көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ жылғы "___" _________

"Заңды тұлға қызметінің
тоқтатылуын мемлекеттік
тіркеу, филиал мен өкілдік
есептік тіркеуден шығару"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
4-қосымша

1. Тіркеу алымдарының мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және осындай алымдарды төлеу күніне қолданыста болатын айлық есептік көрсеткішке (бұдан әрі осы тараудың мәтіні бойынша – АЕК) еселенген мөлшерде айқындалады.

| Р/с № | Тіркеу әрекеттерінің түрлері | Мөлшерлемелер (АЕК) |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Коммерциялық ұйымдарды қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында | |

| | | |
|---|---|---|
| | көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін : | |
| 1.1. | заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін | 6,5 |
| 1.3. | саяси партияларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін | 14 |
| 2. | Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерді , қазыналық кәсіпорындарды, үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінің кооперативтерін және көппәтерлі тұрғын үй мүлкінің меншік иелері бірлестіктерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын (оның ішінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) мемлекеттік тіркегені, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркегені ( қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін: | |
| 2.1. | мемлекеттік тіркегені, қызметтің тоқтатылуын тіркегені, есептік тіркегені, есептік тіркеуден шығарғаны үшін | 1 |
| 2.2. | қайта тіркегені үшін | 0,5 |
| 3. | Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар қоғамдық бірлестіктерін мемлекеттік тіркегені (қайта тіркегені), олардың қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктердің филиалдарын есептік тіркегені (қайта тіркегені), есептік тіркеуден шығарғаны үшін : | |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 3.1. | тіркегені үшін (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) | 2 |
| 3.2. | қайта тіркегені, қызметтің тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені (оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), есептік тіркеуден шығарғаны үшін | 1 |

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді есептік тіркеу
жөнінде мемлекеттік қызметтер
көрсету қағидаларын
бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 66 бұйрығымен
бекітілген

## "Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік қызметтің көрсету ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 821 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының ( ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңға сәйкес әзірленді және "Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды (бұдан әрі-мемлекеттік қызмет).

2. Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысты және коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысты мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер

көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі-Комитет), аумақтық әділет органдары және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Республикалық және аймақтық мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, оның ішінде саяси партиялардың, Республикалық нотариаттық палатасының, Республикалық адвокаттар алқасының, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасының, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының, Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасының, Қазақстанның Төрелік палатасының, Республикалық Заң консультанттары алқасының шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беруді Комитет жүргізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Құрылған, қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар Жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беруді және филиалдар мен өкілдіктерді, жергілікті мәртебесі бар қоғамдық және діни бірлестіктерді, заңды тұлғалардың қорлары мен бірлестіктерін есептік тіркеуді, қоғамдық және діни бірлестіктердің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

5. Коммерциялық ұйымдарға жататын жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беруді Мемлекеттік корпорация жүзеге асырады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электронныќ форматта өтініш (бұдан әрі - өтініш) – осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбесі) көзделген тізбесі бойынша құжаттар топтамасы тапсырады: www.egov.kz " электрондық үкімет" веб-портал (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі келтірілген.

8. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақытын көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

9. Осы Қағидалардың 3, 4 және 5-тармақтарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге электрондық өтініш түскен кезде заңды тұлғаларды тіркеу басқармасының ( бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде орындаушыны айқындайды және орындауға жібереді.

Орындаушы: ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексереді; жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын дайындайды.

Орындаушы қарағаннан кейін жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға , сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының ( ережесінің) телнұсқасын беру туралы бұйрық уәкілетті органның басшылығына қол қоюға жіберіледі.

Басшылық бұйрыққа қол қойғаннан кейін жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын электрондық форматта орындаушы көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолдайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының порталдағы " жеке кабинетіне" жіберіледі.

11. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

12. "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры ақпараттық жүйесі істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор ақпараттық жүйенің істен шығу себептерін анықтау жөнінде шаралар қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама (акт) жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

**3-тарау. Шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі көрсетілетін қызметті берушілерге және (немесе) олардың лауазымды адамдарына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша**

13. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, іс-әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тікелей мемлекеттік қызмет көрсететін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

14. Шағымды қарауды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, онда сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ережеге
1-қосымша

Нысан

**Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғалардың, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктерін жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру туралы өтініш**

1. Ұйым нысаны (тиісті ұяшықта х түрінде көрсетіңіз)

1) заңды тұлға ______________________ 2) филиал _____________________

3) өкілдік ______________________________

2. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) атауы ______________________

____________________________________________________________________

3. Заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) БСН нөмірі _________________

4. Заңды тұлғаның (филиалдың және өкілдіктің) құрылтай құжаттарының телнұсқасын беру үшін негіз _____________________________________________

5. Телнұсқаны алуға арналған үшін шешімнің нөмірі және оны қабылдау күні:

______________________________________________________________________

6. Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) төлнұсқасының жоғалғандығы туралы хабарландыру жарияланған баспа органының атауы, нөмірі мен жарияланған күні _____________________________________________

Өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), және қолы.

Ақпараттық жүйедегі заңмен қорғалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға келісемін_________

20__ жылғы "___"__________

Өтінішке: _________________________________________________________ қоса беріледі.

Ескерту:

БСН - бизнес сәйкестендіру номері

ЖСН - жеке сәйкестендіру номері

ТАӘ - тегі, аты, әкесініңаты (бар болған жағдайда)

ҚҚС - қосымша құн салығы

Бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызын астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға.

"Жеке кәсіпкерлік субъектісіне
жатпайтын заңды тұлғаның,
сондай-ақ акционерлік
қоғамның, олардың филиалдары
мен өкілдіктерінің жарғысының
(ережесінің) телнұсқасын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережесін
2-қосымша

## "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| Мемлекеттік қызметтің атауы "Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлғаның, сондай-ақ акционерлік қоғамның, олардың филиалдары мен өкілдіктерінің жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру" | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті ( бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы www. egov. kz. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі 1 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электронды (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасы немесе бас тарту туралы хабарлама жолданады. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Жұмыс кестесі | портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінен жүзеге асырылады). |
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | 1. қоса берілген қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2. заңды тұлғаның мөрімен (ол болған кезде) бекітілген жарғының (ереженің) телнұсқасын алу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзіндінің электрондық көшірмесі;<br>3. жарғының (ереженің) түпнұсқасының жоғалғаны туралы ақпарат көрсетілген мерзімді баспасөз басылымында жарияланғанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін анықтау;<br>2. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік
тіркеу және филиалдар мен
өкілдіктерді есептік тіркеу
жөнінде мемлекеттік қызметтер
көрсету қағидаларын
бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 66 бұйрығымен
бекітілген

## "Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметтің көрсету ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 30.09.2022 № 821 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңға сәйкес әзірленді және "Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет).

2. Коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті мен аумақтық әділет органдары және коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге мемлекеттік қызметті "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) көрсетеді ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада оның берілген күні, тіркеуші орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні, заңды тұлғаның атауы мен орналасқан жері, басшылары және құрылтайшылары (қатысушылары) туралы мәліметтер қамтылады. Егер жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңда тұлға өзінің қызметін үлгілік жарғы негізінде жүзеге асыратын болса, онда бұл туралы мәліметтер аталған анықтамада көрсетіледі.

4. Филиалды (өкілдікті) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада оның берілген жылы, айы, күні, тіркеуші орган, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, есептік тіркеу ( қайта тіркеу) жылы, айы, күні, филиалдың (өкілдіктің) атауы мен орналасқан жері, филиалды (өкілдікті) құрған заңды тұлғаның атауы туралы мәліметтер қамтылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

5. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) электронды түрде осы Қағидаларға 1– қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі-өтініш) мемлекеттік корпорацияға немесе " Электрондық үкімет" веб-порталында: www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 4– қосымшаларға сәйкес (бұдан әрі - Тізбесі) сұраныс жасайды.

6. Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған немесе бір реттік пароль пайдаланылған жағдайда, Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады, ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда, қызмет үшінші тұлғаларға қолжетімді болады.

7. Сұраныс "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер қоры (бұдан әрі - ЗТ МДҚ) ақпараттық жүйесіне келіп түседі және ақпарат беру ЗТ МДҚ 20 минутта қарастырылады. "Сұраныс қарастырылуда" статусы Сіздің сұранысыңыздың қарастырылып жатқанын білдіреді. Сұраныс қарастырылғанннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға "Сұраныс оң нәтижемен қарастырылды" деген статус беріледі және оның нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 2-3 қосымшаларға сәйкес анықтама қалыптастырылады, заңды тұлға туралы мәлімет болмаған жағдайда мәліметтің жоқтығы туралы нәтиже көрсетіледі

8. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі тізбесі талаптар тізбесі процесстің сипатын, нысанын, мазмұнын және нәтижесін құрайтын мәліметтер мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып Тізбесінде көрсетілген.

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – осы тізбесінің қосымшаларға сәйкес заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы 2 қосымшаларға)

туралы анықтама, сондай-ақ 3 қосымшаларға сәйкес нысандары заңды тұлғаның филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы заңды тұлғаның филиалдарын (өкілдіктерін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама

10. Порталға жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жолданады.

11. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы, 2-тармағы 11)-тармақшасына сәйкес анықталған уәкілетті органмен бекітілген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету сатысы туралы мәліметтердің мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылаудың ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

12. ЗТ МДҚ ақпараттық жүйесі істен шыққан жағдайда, қызмет берушші шұғыл түрде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына (бұдан әрі - оператор) хабарлайды.

Бұл жағдайда оператор ақпараттық жүйенің істен шығу себебін анықтау бойынша шаралар қабылдайды және 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық ақаулар туралы хаттама жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

**3-тарау. Шешімдерге, әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі көрсетілетін қызметті берушілерге және (немесе) олардың лауазымды адамдарына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша**

13. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешіміне, іс-әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2)-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны бойынша алуға болады.

14. Шағымды қарауды заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу саласындағы қызметті мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүзеге асырады.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған көрсетілетін қызметті беруші шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағым жібермеуге құқылы.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, онда сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Заңды тұлғаларды тіркеу<br>(қайта тіркеу) туралы, олардың<br>филиалдары мен өкілдіктерін<br>есептік тіркеу (қайта тіркеу)<br>туралы анықтама беру"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызмет ережеге<br>1-қосымша

Нысан

**Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама алуға сұрау салу**

Мен, ____________________________________________________________

(жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), паспорт деректері (жеке куәлік деректері) және тұрғылықты жері)

_________________________________________________________________

(заңды тұлғаның атауы және деректемелері)

______________________________________________ негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжат деректемелері)

__________________________________ заңды тұлғаның атынан әрекет етуші ( уәкілетті өкіл толтырады)

Маған ________________________________________________________

заңды тұлғасына заңды (заңды тұлғаның, филиал мен өкілдіктің атауы)

тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беруіңізді сұраймын.

Мынадай құжаттарды қоса беремін: _________________________________

Күні ______,______________________________________/______________

(өтініш берушінің/уәкілетті өкілдің (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

_______________________________________________________________

(сұрау салуды қабылдаған маманның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

Өтінішті орындау/қарау нәтижесі: ___________________________________
тексерілді: "___" 20__ жылғы _________ ______________________________
_______________________________________________________________
(маманның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және қолы)

"Заңды тұлғаларды тіркеу
(қайта тіркеу) туралы, олардың
филиалдары мен өкілдіктерін
есептік тіркеу (қайта тіркеу)
туралы анықтама беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
2-қосымша

**Тіркеу органы ___________**

**Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы Анықтама**

_________________________________________________________
бизнес-сәйкестендіру нөмірі

елді мекен 20__ жылғы "___"

Атауы:
_________________________________________________________________
Орналасқан жері:
_________________________________________________________
Анықтама Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгінін растайтын құжат болып табылады.
Тіркеу органының басшысы ___________ ___________ ___________________
(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға)
М.О. Берілген күні

"Заңды тұлғаларды тіркеу
(қайта тіркеу) туралы, олардың
филиалдары мен өкілдіктерін
есептік тіркеу (қайта тіркеу)
туралы анықтама беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет ережеге
3-қосымша

Нысан

**Тіркеу органы**

**Заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеуі) туралы Анықтама _____ ____________________ бизнес-сәйкестендіру нөмірі**

елді мекен 20__ жылғы "___" _____

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) атауы:___________________________________
__

Заңды тұлғаның атауы: _______________________________________________________
___

Заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) орналасқан жері: _________________________
___

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның филиалын (өкілдігін) есептік тіркеуден өткенін растайтың құжат болып табылады.

Тіркеу органының басшысы _____________________ _____________________________
_

(қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болға)

М.О.

Берілген күні

"Заңды тұлғаларды тіркеу
(қайта тіркеу) туралы, олардың
филиалдары мен өкілдіктерін
есептік тіркеу (қайта тіркеу)
туралы анықтама беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидаларына
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 16.01.2025 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| | | |
|---|---|---|
| "Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1. Тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру;<br>2. Заңды тұлғалар тізілімінен үзінді (Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен); | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Комитет), аумақтық әділет органдары, Мемлекеттік корпорация |
| 2 | Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Порталда рұқсат етілетін ең ұзақ уақыт - 20 минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электронды (толық автоматтандырылған) |
| | | 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | туралы анықтама, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаның филиалын ( өкілдігін) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1. Комитет және оның аумақтық әділет органдары – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексин е сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексин е сәйкес демалыс және мерекелік күндерді, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.<br>3. портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексин е сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). |
| | | осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес заңды тұлғаларды тіркеу ( |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін қажетті құжаттар мен мәліметтер тізбесі | қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы Электрондық құжат нысанында алуға сұрау салу .<br>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда немесе бір реттік парольді пайдаланған жағдайда, ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | Жоқ |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.<br>Үшінші тұлғалардың қызметті алу шарттары:<br>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда немесе бір реттік парольді пайдаланған жағдайда, ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алады. |

Қазақстан Руспубликасы
Әділет министрінің

2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 66 бұйрығына
7-қосымша

## "Заңды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықтама беру" мемлекеттік қызметтің көрсету ережесі

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды - ҚР Әділет министрінің 29.07.2021 № 657 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Руспубликасы
Әділет министрінің
2020 жылғы 29 мамырдағы
№ 66 бұйрығына
8-қосымша

## Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 349 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18916 болып тіркелген, 2019 жылғы 2 шілдесінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

2. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 301 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11530 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырда № 301 бұйрығына өзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 100 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13508 болып тіркелген, 2016 жылы 29 наурызда " Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырда № 301 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № 469 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16723 болып тіркелген, 2018 жылы 18 сәуірде

Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

5. "Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырда № 301 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 8 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18185 болып тіркелген, 2019 жылы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

6."Заңды тұлғаларды, филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерің бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырда № 301 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 31 шілдедегі № 421 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19178 болып тіркелген, 2019 жылы 12 тамыздағы Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК